



ТАБЫС пен ТҰРМЫС ТЕҢ БОЛСА...

Елімізде айына 3 млн теңгеден астам жалақыны 26,8 мың адам алады. Қазір олар 157,9 млрд теңге салық төлеуде. Албылтыр 2 миллионға жуық қазақстандық жалақысы 50 мың теңге болған. Оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да бар. Бұл азаматтар бюджетке тек 7,2 млрд теңге салық төлеген. Сарапшылар осы мәліметтер арқылы көлеңкелі экономиканың нақты көлемін елестету қиын емес деген пікірде. Себебі бұл топта халықтың 40%-ы жұмыс істейді.

» 5



ҚҰСБЕГІ Әмбебап болуы керек

Құсбегілікке бірі өнер деп қараса, енді бірі оны спорт түріне жатқызады. Ал Арман Қошқаров «Құсбегілік өнер болса да, оған нағыз ұлттық спорт түрі деп қарағанымыз тиімдірек» дейді. Өйткені спорт түріне кіргізу арқылы оны дамыту әлдеқайда оңайырақ. Спорт бар жерде бәсеке болады, ал бәсеке болған сайын оған қызығушылар қатары да көбейіп, құсбегілік кең танымалдылыққа ие болатынын да негізге алды.

» 16

ТҮРКІСТАНДА ТУҒАН ТАҒДЫРЛЫ ТУЫНДЫ



9
БЕТ

Бүгін балалар әдебиетін қалай жасаймыз? Ертеңгі ұрпақ соны оқып, танып, біліп, соның рухында тәрбиеленеді. Демек, бүгін біз балалар әдебиетін жасай алсақ, қоғамның ертеңін дұрыс тәрбиемен қамтамасыз ете алғанымыз.

ЖАҢА ӨРКЕНИЕТ: ҮМІТ пен КҮДІК



11
БЕТ

Ескінің орнын ауыстырған жаңашылдық әрдайым өркениеттік сипатқа ие, бірақ уақыт өте кейбір ескі құндылықтар жанданып, қайта қалпына келіп, жаңа өркениеттік талапқа сай көркемделіп жаңашылдық санатына ие болады.

ӨҢДЕУ САЛАСЫ ӨРЛЕУ САЛАСЫ БОЛА МА?



Бүгінде ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру, экономикамызды ішкі қажеттіліктерді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жеткізу екені белгілі. Бұл ретте өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру аса маңызды. Сондай-ақ экономиканы әртараптандыру да маңызды міндетке айналып отыр.

(Жалғасы 7-бетте)

ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ- тарихтың хайты



Қазір елді мекендерге кісі есімін беру тоқтады. Көшелерге берілуі мүмкін, оның өзінде де тарихи тұлғалар тізімінде болуы шарт. Әр үш жыл сайын тарихи тұлғалар тізімі жаңартылып отырады. Жалпы алғанда, бүгінгі күндегі тізімде 697 тұлға есімі бар. Оның 463-і – республикалық деңгейде, 234-і – өңірлік деңгейде ұлықталатын тұлғалар.

» 12

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ – МАҢЫЗДЫ ІС



Бүгінде аймақтарға мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінеді. Есепті кезеңде ауыл шаруашылығында 220,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 3,7%-ға артқан.

» 6

ЕЛДІКТІҢ НЫШАНЫ — РӘМІЗДЕР

Кеше ғана алауын жаққан Париж төріндегі XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына сайдың тасындай жан-жақтан жиналған сайыпқырандар ел намысын қорғауға аттанып, қалың ел спортшыларын үкілі үмітпен шығарып салған еді. Олимпиада дегеніміз — тек әр елдің спорттағы бәсекесі ғана емес, жеңіс тұғырынан көрінетін елдердің елдік нышаны көрініс беріп, байрағы желбіреп, Әнұраны шырқалатын санаулы мүмкіндіктің бірі. Бұл ретте ел Рәміздерінің алатын орны бөлек.

Наурызбек САРША



КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ

Иә, рәміздер қайсыбір ел болмасын — елдіктің нышаны. Көк Туымыз, Әнұранымыз, Елтаңбамызды қанша қадірлесек те артық емес. 2020 жылдың қазан айында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік рәміздерді пайдалану туралы заңнаманы қайта қарау қажетін мәлімдеген болатын. Осыдан кейін Туды балконға ілуге ресми рұқсат берілді. Бірақ тек патриоттық сезім мен қазақы болмысты таныту үшін, Қазақстан мен ел азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында ілуге мүмкіндік берілді. Мемлекет басшысы сол кезде Twitter парақшасына: «Қолданыстағы заңнамада Туымызды пайдалануға қатысты шектеулер бар. Мысалы, пәтерлердің балконына немесе үйлердің қабырғасына Ту ілуге тыйым салынған. Заңнамалық және нормативтік актілерді, ең алдымен, Мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларын қайта қарау қажет. Парламенттің бірқатар депутаты мен азаматтарымыздың еліміздің Мемлекеттік рәміздерін, атап айтқанда, мемлекеттік Туын кеңінен қолдану туралы ұсынысын қолдаймын», — деп жазды. Осыдан келіп Мемлекеттік рәміздерді халықтың жаппай қолдануына қатысты бұрын қабылданған шектеулерді азайту, ел азаматтарының мемлекеттік Туды өз тұрғын үйлерінің

балкондарына немесе қабырғасына ілуіне заңнамалық тұрғыдан рұқсат беру қажеттігі жөнінде тапсырма берді. Осылайша, қазақстандықтар өз тұрғын үйінің балконына ұлттық стандартқа сай тігілген (көлеміне қарамастан) Туды іле алатын болды. Мемлекеттік Ту ұлттық стандартқа сәйкес келмеген жағдайда, ол ауыстырылады немесе жойылады. Туды бір қабатты және көпқабатты ғимараттарда экстерьерлі нұсқада орналастыру кезінде ғимараттың сәулет ерекшелігіне қарамастан пайдалануға болады. Тұрғындарға ғимаратқа ілінген Туға қараңғыда жарық түсіріп тұру міндетті емес. Туды үйде адамға немесе затқа құрмет ретінде төмен түсіруге, теріс қаратып қоюға болмайды. Ту жерге, еденге, суға тиіп тұрмауы керек. Абайсызда суға тиіп кеткен жағдайда келесі қолданылғанға дейін мұқият тазалануға тиіс. Тудың өңін жоғалтпауына, табиғи құбылыстар салдарынан бүлініп қалмауына жіті назар аударуымыз қажет. Туды кірлетуге, былғауға, жыртуға, жазу жазуға, сурет салуға, майлық ретінде пайдалануға және басқа да бірреттік қолданыстағы заттарға, сондай-ақ белден төмен киілетін киім-кешекке, төсек-орынға бейнелеуге тыйым салынады. Тудың сабы көлденеңінен көтерілмейді. Үйде ілінетін Ту және оның бейнесі шаруашылық-тұрмыстық

бөлмелерден, кіреберістен және киім ілетін бөлмелерден алыс орналасуы керек. Туды кез келген кәсіпорынның шығаруына рұқсат етілмейді, оны тек лицензиясы бар кәсіпорындар ғана шығара алады. Туды осы кәсіпорындармен келісімшартқа отырған дүкендерден сатып алу қажет. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келмейтін мемлекеттік Туды заңсыз дайындағаны үшін әкімшілік айыппұл қарастырылған. Жеке тұлғаларға — 25 АЕК, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — 50 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — 75 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне — 200 АЕК (айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2024 жылдың қаңтарынан бастап — 3 692 теңге

ТАЛАСҚА ТҮССЕ ЖАН МЕН ТУ

Мемлекеттік рәміздерімізді қорлау фактілері кездесіп қалып жататыны жасырын емес. 2012 жылы ақпан айында Қостанай қаласында шаңғы фестивалінің ашылу салтанатында Әнұранымыздың орнына шетелдік әнші Рикки Мартиннің Livin La Vida Loca деген өлеңін қойғаны күллі әлемге тарап кетті. Сол жылдың наурыз айының 22 жұлдызында Кувейтте халықаралық жарыста нысана көздеуден

еліміздің абыройын асқақтатқан жеңімпаз Мария Дмитриенконы марапаттау кезінде мемлекеттік Әнұраның орнына сайқымазақ Саша Коэннің атышулы «Борат» фильміндегі ағылшын тіліндегі әуен қойылған. Өкінішке қарай, жеңіс тұғырына көтерілген спортшымыз еш саспастан, кеудесіне қолын қойып, сол әнге соңына дейін ұйып тұра берген оқиға болды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Үндістанда су спорты түрлерінен жөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өтіп, қазақстандық қыздар командасы ұйымдастырушылар тоқтатып тастаған Әнұранымызды өздері айтып шыққаны көпшіліктің әлі де есінде болар. Жалпы, мұндай оқиғалар әлемде жиі болып тұрады. Дегенмен халықаралық аренада еліміздің басты Әнұраны айтылып жатқандағы спортшыларымыздың әрекеті — еліміздің имиджіне әсер ететінін ұмытпағанымыз жөн.

Түйін:

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорда төрінде жиналған жұртшылықты Мемлекеттік рәміздер күнімен, елдігімізді нығайта түсетін мерейлі мерекемен құттықтауында: «Спортшыларымыз Туымызды талай рет жеңіс тұғырына көтерді. Жакында қазақтың қайсар қыздары Эверестке шықты. Туымыз әлемнің ең биік шыңында тағы да желбіреді. Алда Олимпиада ойындары келе жатыр. Намысты өрендеріміз Париж төрінде Туымызды тік ұстайды деп сенемін», — деген еді. Кеше ғана алауын жаққан Париж төріндегі XXXIII жазғы Олимпиада ойындарына отандастарымыз да белдерін түйіп, тастүйін болып аттанды. Жалпы, егемендік жылдары Қазақстан 7 жазғы олимпиадалық ойынға қатысып, 71 медальді ел қоржынына салды, оның ішінде 14 алтын медаль бар. Сондай-ақ еліміздің спортшылары қысқы Олимпиада ойындарынан түрлі дәрежедегі 8 медальді иеленді, оның ішінде 1 алтын бар. Демек, Әнұранымыз 15 рет шырқалып, көк Туымыз сол көлемде желбіреді деген сөз. Постсоветтік елдердің спортшылары тәуелсіздік жылдары жазғы Олимпиада ойындарындағы есеп бойынша Қазақстан үшінші орында тұр: 14+22+35=71. Биыл Парижде өтетін XXXIII жазғы Олимпиадаға баратын Қазақстан командасы 25 спорт түрінен 83 лицензия алды. Еліміздің спортшылары осы жолы да көк Туымызды көкте желбіретіп, Әнұранымызды шарықтапта береді деп сенеміз.

ҚОЛЖЕТИМДІ ПЛАТФОРМА ҚҰРЫЛАДЫ

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының бірыңғай платформасы құрылмақ. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Жаннат Дүбиров айтты.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мемлекеттік қызметтер мен деректерді цифрландыруға ерекше көңіл бөледі. Құрылыс саласында 22 мемлекеттік қызмет бар, оның 20-сы электронды форматта көрсетіледі.

«Биыл біз тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы әртүрлі көзден алынған деректі біріктіруге мүмкіндік беретін Бірыңғай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық платформасын құру бойынша жұмысты бастадық», — деді вице-министр.

Бұл деректерге мыналар кіреді: коммуналдық төлемдер үшін Бірыңғай төлем құжатының түбіртектері, е-ПИК/МИБ



және iКОМЕК109. Сондай-ақ платформа тұрғын үй инспекциясының инженерлік желілері мен жұмыс процестерін цифрландыруға мүмкіндік береді.

Биылғы жылдың қаңтар-маусым айларында елімізде құмар ойындарды ұйымдастыру және бәс тігу саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 174,4 млн теңгені құрады.

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА АПАРАДЫ

Аймақтық бөліністе инвестицияның ең көп көлемі Алматы облысында тіркелді: 171,6 млн теңге. Тағы 594 мың теңге Ақмола облысына, 2,2 млн теңге Алматы қаласына тиесілі.

Қызметтердің жалпы көлемінің 90,6%-ы Алматы облысында көрсетілді: 101,6 млрд теңге, жылдық өсім — 13,8%. Одан кейінгі орында Ақмола облысы тұр: 10,5 млрд теңге. Қызметтердің аздаған көлемі Павлодар (15,9 млн теңге), Ұлытау (5,9 млн теңге), сондай-ақ Жамбыл және Жетісу (әр аймақта 2,7 млн теңгеден) облыстарында тіркелді.

Сонымен қатар биыл қаңтар-маусым айларында елде құмар ойын бизнесіне байланысты 51 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелді. Ал салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 7,8 млн теңгеге жетті.

Аталмыш кезеңде 150 мың қазақстандық eGov mobile арқылы құмар ойындар

мен бәс тігуге қатысудан өзін-өзі шектеу қызметін пайдаланды.

Еске сала кетейік, 18 наурыздан бастап Қазақстанда азаматтардың құмар ойындарға қатысуын 6 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге шектеуге мүмкіндік беретін онлайн қызмет пилоттық режимде жұмыс істейді.



Жазатайым оқиғаға жол бермеу керек

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған депутаттар тобы Қарағанды облысына арнайы жұмыс сапарымен барды. Халық қалаулылары мұндағы әлеуметтік нысандар мен кәсіпорындардың жұмысымен танысып, өңір тұрғындарымен кездесті. Нысандарды аралау жұмысына Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов пен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та қатысты.

Мәжіліс Төрағасы Qazmet АҚ Көмір департаментіндегі жаңа диспетчерлік-сараптамалық орталықтың жұмысымен танысты. Онда қандай міндеттер атқарылатынын компанияның құрылтайшысы Андрей Лаврентьев пен бас директор Вадим Басин көрсетті. Бұл нысан өндірістік қауіпсіздікті бақылауға жауап береді екен. Одан бөлек, оттегі деңгейі мен метан концентрациясын өлшеу жұмыстары да осы жерде анықталады. Мамандар шахталардың жағдайын тәулік бойы бақылап кез келген қызметкермен байланысқа шыға алады.

«Qazmet-тің қазақстандық компанияның меншігіне қайтарылғаны Қарағанды үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызды оқиға болғаны белгілі. Бұл Мемлекет басшысының маңызды саяси шешімі болды. Жаңа инвестор өндірісті кешенді түрде жаңғыртуға міндетті. Бес жыл ішінде комбинат металлургия көшбасшысы статусын қайтаруы керек. Бұл ретте еңбек қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті күшейту қажет. Ең бастысы – біздің жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтау. Апаттар мен жазатайым оқиғалар болмауы керек», – деді Ерлан Қошанов.

«АМАНАТ» партиясының Төрағасы кәсіподақ мүшелерімен кездесу барысында жұмысшылар мен шахтерлерге мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауды күшейту мәселелерін талқылады. Сөз барысында Парламент депутаттарының, «АМАНАТ» партиясының және Үкіметтің бірлескен күш-жігерімен Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ғылыми институты қайта құрылып, жұмысшыға жазатайым оқи-

ғалар кезінде кінәлі болуына қарамастан толық сақтандыру төлемін қамтамасыз ететін жаңа заңдар қабылданғаны туралы айтылды.

Сондай-ақ кездесуде еңбек жағдайлары зиянды өндіріс жұмысшыларына 55 жастан бастап арнайы әлеуметтік төлем алу мүмкіндігін беретін жаңа заңға ерекше назар аударылды. Көміршілер кәсіподақ ұйымының төрағасы Евгений Буслаев жаңа мүмкіндікті Qazmet АҚ-ның 800-ден астам қызметкері пайдаланғанын атап өтті. Бүгінде бүкіл ел бойынша төлемдерді 8 мыңнан астам адам алуда. Ол бұл заңның еңбек адамдарын қолдаудағы мемлекеттің нақты қадамы екенін айтып, оның жедел қабылданғаны үшін Президентке және «АМАНАТ» партиясына алғысын білдірді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс Спикері Бұқар жырау ауданындағы Садовое және Чкалов ауылдарына барып, су тасқынынан кейінгі қорғаныс бөгеттерін қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. 2017 жылы осы ауылдардың айналасында жартастан жасалған бөгеттер салынды. Абырой болғанда, ол биыл бұл елді мекендерді су тасқынынан қорғап қалды.

Алайда ауылда су тасқыны мәселесі шешілгенмен, жергілікті ақсақал Сайлаухан Шошиннің айтуынша, тұрғындардың мал жаятын жерлері жоқ. Өз кезегінде «АМАНАТ» Төрағасы партиялық «Жер аманаты» комиссиясының жұмысы туралы айтты. Жоба арқасында екі жыл ішінде 10,8 миллион гектардан астам заңсыз иемденген жайылым жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Жеке қосалқы шаруашылықтарға көмек көрсету үшін



Тағайт ТАНЫБАЕВ, Асылхан СЕЙІТХИМЕТ (фото)

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жайылымдар туралы» заң қабылданды. Бұл заң қоғамдық жайылымдар туралы жаңа нормаларды енгізеді, яғни жайылымдарды конкурссыз бөлуге, жайылымдарды басқа ауыл шаруашылығы алқаптарына айналдыруға тыйым салады және бір гектарға мал жаю нормативін 20-дан 50-ге дейін арттырады.

Қарағандыда Ерлан Қошанов мемлекеттік және сервистік қызмет көрсету орталығына барды. Онда былтырғы жылдың қазан айында елдегі әйелдерге арналған алғашқы полиция учаскесі ашылған болатын. Оталық қазір функционалды түрде отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығына айналды. Бұл жерде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмектер көрсетіледі. Орталықта психологтер, заңгерлер, сот орындаушылары, ювеналды полиция, теологтар, волонтерлер, медиаторлар, әлеуметтік қызметкерлер және басқалар жұмыс істейді. Мәжіліс Төрағасы Қара-

ғанды облысының тәжірибесін оң бағалап, мұндай жобаны еліміздің басқа өңірлерінде де енгізуді ұсынды.

Дәл осы күні Мәжіліс Спикері Күнгеі шағын ауданында 600 орындық мектеп құрылысының барысымен танысты. Білім ұясы «АМАНАТ» партиясының республикалық сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы аясында салынып жатыр. Жергілікті белсенділер қаланың осы бөлігінде мектептің жоқтығы туралы мәселені көптен бері көтеріп келген. Барлық жұмыстарды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Мәжіліс Төрағасы Қарағандының жылу желілерін жаңғырту жұмыстарымен танысып шықты. Жаңа магистраль жылу қуатының тапшылығы мәселесін шешеді және қаланың қолданыстағы желілеріне түсетін ауыртпалықты азайтады. Бұл шаһардың одан әрі дамуы үшін қажетті қорды құруға мүмкіндік береді. Жоба 2024 жылдың күзіне дейін толық жүзеге асырылмақ.

«Жастарға жұмыс»: 25 мың жас жолдама алды

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған Астанадағы бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысты. Іс-шарада Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова мен Астана қаласының басшылық құрамы да болды.



Бос орындар жәрмеңкесі елорда орталығындағы Нұржол бульварында ашық аспан астында өтті. Онда мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор және жеке компаниялар арасынан 100-ге жуық жұмыс беруші 2 мыңға жуық бос жұмыс орнын ұсынды. Олардың ішінде: Қазатомөнеркәсіп, Halyk bank, Қазпошта,

Samruk-Kazyna Construction, «Хабар» агенттігі, Қазақтелеком, Qazaq air және басқа да ұйымдар бар. Іс-шараға 3000-ға жуық адам қатысты.

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов жастармен және жұмыс беруші ұйым өкілдерімен әңгімелесті. Партия Төрағасы

Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасында 2029 жылға дейін кемінде 2,3 млн жасты жұмысқа орналастыру міндетін қойғанын атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамының еліміздегі алар орнын ескере отырып, оларға ерекше құрмет көрсетілуі керекін атап өтті. Колледждер мен жоғары оқу орындарын кеше ғана тәмамдаған еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ жастар үшін жаңа жұмысқа орналасу оңай емес. Мемлекеттің, қоғамның, бизнестің міндеті – бұл процесті жеңілдету, жас мамандарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу. Осылайша, әрбір түлек еңбек нарығында өз орнын тауып, елдің дамуына мейлінше тез үлес қоса бастайды. «Жастарға жұмыс» партиялық жобасы аясында ұйымдастырылған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі де соған бағытталған. Екі жыл қатарынан барлық өңірде өткізіліп жатқан жоба өз тиімділігін көрсетуде», – деді ол.

Жәрмеңке аясында Еңбек министрлігінің өкілдері келушілерге Enbek.kz электрондық еңбек биржасының мүмкіндіктерін көрнекі мысалмен көрсетті. «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеудің ашықтығын арттырудағы цифрландырудың рөлі туралы, Астана әкімдігінің өкілдері NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі

Жолтап жобасын, ал елордалық еңбек орталығының қызметкерлері түлектерге арналған «Алғашқы жұмыс орны» және «Жастар практикасы» жобалары туралы хабардар етті.

«Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен өтіп жатқан бос жұмыс орындары жәрмеңкесі елордада ғана емес, еліміздің барлық облыс орталықтарында өтуде. Оған кем дегенде 50 мың жас қазақстандық қатысады деп жоспарлануда. Жәрмеңкелер бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейді. Онда жұмыс іздеуші бос жұмыс орындары туралы біліп қана қоймай, егжей-тегжейлі мәліметтер де ала алады. Жәрмеңкеде жұмысқа орналасудан басқа, жастарды әлеуметтік қолдаудың барлық мемлекеттік бағдарламасы бойынша кеңес алуға болады. Атап айтқанда, баспана немесе ем алудан бастап, бизнес ашу және оны менгеруге дейін ақпарат бар.

«Жастарға жұмыс» жобасы 2023 жылдың қаңтар айында бастау алды. Осы уақыт ішінде Қазақстан бойынша екі жүзден астам бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Оған 160 мыңнан астам адам қатысып, 30 мың жас жұмысқа орналасуға жолдама алды. Ал 25 мыңға жуық жас маман кәсіпкерлікті дамыту үшін 2,5% жеңілдікпен несиелеу бойынша кеңес алды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЫЗЫ ТАРИХИ РЕКОРДҚА ЖЕТКЕНІ АЙТЫЛЫП ЖҮР. БҰҒАН ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ТАЯУДА ЖАРИЯЛАҒАН ЕСЕБІ НЕГІЗ БОЛДЫ. 2024 ЖЫЛҒЫ I ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ БОРЫШЫ 165,3 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСҚАН. ФАКТЧЕККЕ ЖҮГІНСЕК, БҰДАН ЖОҒАРҒЫ РЕКОРДТЫҚ МЕЖЕ ТЕК 2018 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДА ТІРКЕЛІПТІ: СОНДА СЫРТҚЫ ҚАРЫЗ 167 МЛРД 482,7 МЛН ДОЛЛАРДЫ ҚҰРАДЫ. БІРАҚ БҰЛ БӘРІБІР ЖҰБАНАТЫН ЖАЙТ ЕМЕС: МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ БОЙЫНША 2030 ЖЫЛҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ШЕККЕ ЕЛ ҚАЗІРДЕН ТАЯП ҚАЛДЫ.



Еллар КАБА (қолжазы)

ҚАРЫЗ ЖЫЛАП ЕМЕС, ЖЫЛАТЫП ҚАЙТАДЫ

Айхан ШӘРІП

Ұлттық банктің есебінде айтылғандай, бір жыл бұрын, 2023 жылғы I шілдеде мемлекеттің сыртқы борышы – 14,7 млрд, мемлекет бақылауындағы банктер мен кәсіпорындардың сыртқы борышы – 15,3 млрд, қазақстандық жеке сектордың сыртқы борышы – 131,9 млрд, ал мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш – 2,5 млрд долларды, яғни Қазақстанның жалпы сыртқы борышы 164,4 миллиард долларды құраған екен.

Содан бері де біршама өсті. 2024 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша мемлекеттік сыртқы борыш – 13,3 млрд, мемлекеттік банктер мен кәсіпорындардың сыртқы борышы – 15,5 млрд, жекеменшік сектордың сыртқы борышы – 133,7 млрд, мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш 2,8 млрд долларға жетті. Осылайша, Қазақстанның сыртқы қарызы 165,3 миллиард доллар болып отыр.

«Қазақстанның мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында» 2030 жылға қарай мемлекеттік

Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Берік Бейсенғалиев 2023 жылдың қорытындысында Қазақстанның мемлекеттік борышының өзі 27,2 триллион теңгеден асқанын еске салды.

– Бұл ЖІӨ-нің 23%-ына жуық. Қазақстанның мемлекеттік қаржысын басқару тұжырымдамасында бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 32%-дан аспауы тиіс деп белгіленген. Біз болсақ бүгінде осы шекке жақындап қалдық. Мемлекеттік борыш неге артып барады? Өйткені бюджеттің шығындары артты. Бюджет шығыстарының басым бөлігі салықпен, салықтық емес түсімдермен, сондай-ақ Ұлттық қордан алынған трансферт қаражат есебінен «жабылады». Бюджет тапшылығының қалған бөлігін Үкімет қарыз алу арқылы өтейді. Қысқасы, мемлекеттік борыштың жыл сайын өсуі республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландырумен тікелей байланысты, – деді депутат.

Олай болса, Қазақстан дефолт шынырауының шетінен бір-ақ шықпауы үшін

Ұлттық қордағы жинақтар 2014 жылдың соңында шырқау шегіне жетіп, 77,3 миллиард долларды құрады. Бұл сол кездегі ЖІӨ-нің 35%-ына тең болатын. Содан бері құлдырап келеді. Президенттің Ұлттық қор активтерін 100 млрд долларға жеткізу тапсырмасы әзірге орындалған жоқ.

«Бастапқыда Ұлттық қордың активтері мемлекеттік борыштан айтарлықтай асып түсетін, алайда қазіргі уақытта бұл артықшылық түгесілді. Қазақстанның мемлекеттік борышының құрылымында Ұлттық валютадағы қарыздардың үлесі басым. Тиісінше, теңгедегі барлық атаулы макроқорсеткіштер, соның ішінде бюджет тапшылығы артқан сайын мемлекеттік борыш та өсіп барады. Салыстырсақ, 2008–2023 жылдар аралығында теңгедегі атаулы ЖІӨ жыл сайын орта есеппен 15%-ға өсіп отырса, ал, мемлекеттік борыш жыл сайын орта есеппен 25% ұлғайып отырған», – деді АКРА сарапшылары.

Әйткенмен, олар Үкіметтің іс-әрекетіне үмітпен қарайды. Жоғарыда айтылған алаңдатарлық үрдістерге қарамастан, Қазақстанның резервтері сол бұрынғыдай қомақты болып қалды және ЖІӨ көлемінің шамамен төрттен бір бөлігіне тең. Мұның сыртында Үкімет Ұлттық қордан бюджетке алып қоятын қаржы көлемін біртіндеп қысқартуды жоспарлады: 2025 жылы бюджетке түсетін жиынтықты түсімдердің ішінде қор қаражатының үлесі 13%-дан 2027 жылы 6,7%-ына дейін төмендетіледі. Сонымен бір мезгілде Ұлттық қордың валюталық активтерін өсіруі тиіс.

Экономист Ғалымжан Айтқазин мемлекеттік борышқа қызмет ету, яғни оны өтеу шығыны да артып келе жатқанын қаперге салды.

«Мемлекеттік борыштың негізгі бөлігі немесе 94,7%-ы Үкіметтің қарызына тиесілі. Өз кезегінде Үкіметтің борышы ішкі борыштан – 19,1 триллион теңге немесе үлесі 73,7% және сыртқы борыштан – 6,8 триллион теңге немесе 26,3% тұрады. Өтеу кестесіне сәйкес, Үкіметке қысқа мерзімде – 788,5 миллиард теңге, орта мерзімде – 3,2 триллион теңге, ұзақ мерзімде 21,9 триллион теңге қарызға қызмет етуге тура келеді. Мысалы, Үкіметтің борышын өтеу 2024 жылдың I тоқсанында 718,4 млрд теңгеге түсті, – деді Ғалымжан Айтқазин.

Ұлттық банктің есебі бойынша Қазақстан жиынтықты сыртқы борышы үшін биылғы 2024 жылғы II тоқсанда 10 млрд 795 млн доллар – негізгі соманы, 7 млрд 809 млн доллар – сыйақы пайыздарын өтеуі қажет. III тоқсанда негізгі сома – 9 млрд 935 млн доллар, пайыздары – 6 млрд 984 млн доллар болады. IV тоқсанда негізгі сома – 11 млрд 945 млн долларға, пайыздары 9 млрд 20 млн долларға дейін елеулі өспек. Қорытындысында, 2024 жылдың үш тоқсанында республика сыртқы борышы бойынша 32 млрд 675 млн доллар – негізгі соманы, сондай-ақ 23 млрд 813 млн доллар – сыйақы пайыздарын өтеуі тиіс. Мұның ішінде тек мемлекеттің ғана емес, қазақстандық компаниялардың берешегі, фирмааралық қарыз да бар.

Қазақстанның келесі жылы өтейтін сомасы біраз азаймақ. 2025 жылғы I тоқсанда өтелуі тиіс негізгі сома – 9 млрд 697 млн доллар, сыйақы пайыздары – 6 млрд 876 млн доллар. II тоқсанда негізгі сома – 7 млрд 491 млн, пайыздары – 4 млрд 695 млн доллар. III тоқсанда негізгі сома – 7 млрд 906 млн, пайыздары 4 млрд 871 млн доллар болады. Жиынтығында, 2025 жылы еліміз 32 млрд 688 млн доллар негізгі соманы және 21 млрд 590 млн доллар сыйақы пайыздарын өтеуге міндетті.

ҮКІМЕТТІҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

Қаржы министрі Мәди Такиевтің сендіруінше, мемлекеттік борышты орнықты деңгейде ұстап тұру мәселесі – Үкіметтің тұрақты бақылауында.

– Мемлекеттің борышын ЖІӨ-нің 32%-ынан асырмау міндеті бекітілген. Кейінгі кезде бұл 20–22,8 пайыз аралығында құбылып тұрады. Бұл көрсеткіш шектен тыс жоғарылап кетпеуі үшін бірқатар шара қабылдап жатырмыз. Бұған қол жеткізу үшін жаңа қарыздарды алуды шектеуге және борыштың өсу қарқынын төмендетуге тура келеді. Екіншіден, шығыстарды төл кірістеріміздің есебінен өтеуге күш саламыз. «Көрпене қарай көсіл» деген. Осы орайда салық пен түрлі төлем көбірек түсуі үшін салықтық, кедендік әкімшілендіруді жетілдіреміз. Соның арқасында қарыздың бір бөлігін «жабамыз» деген ойдамыз, – деді Қаржы министрі М.Такиев.

Ол сыртқы борышты өсіре бермеу үшін Үкіметтің енді қарызды ішкі нарықтан, теңгемен алуға ден қойғанын жеткізді. Еліміздің бас қаржыгері мемлекеттің борышы ағымдағы бесжылдықта ЖІӨ-ге шаққанда 25% шегінен көп аспайтынын уәде етті. Ал сол борышты өтеуге бағытталатын соманы ЖІӨ-нің 10%-ынан асырмайды.

Жалпы алғанда, 2023 жылы мемлекеттік борышты өтеуге және қызмет көрсетуге 4,3 триллион теңге шығындалды. Бұл – ел бюджетінің барлық табысының 28 пайызы. Мысалы, жалғыз асыраушы саналатын отағасының барлық тапқан табысының үштен біріне жуығы үнемі кредитін өтеуге кете берсе, ол отбасының хал-жағдайы қандай болатынын түсінуге болады.

Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков мемлекет қарызының қарқынды өсуіне бюджет тапшылығының ұлғаюы серпін беріп отырғанын растады. Басқаша айтқанда, Үкімет көрпесіне қарай көсілмейді, тапқаны төл шығындарын «жаппайды». Салдарынан 2024 жылғы республикалық бюджетте қаржы тапшылығы 3,1 триллион теңгеден асты. Бұл – ел тарихында бұрын-соңды болмаған антирекорд. Салдарынан Үкімет Ұлттық қорға биыл қолды мол салды, сондай-ақ отандық банктерден, биржадан, шетелдік қаржы институттарынан қарызданып-қауғаланып қаржы тартып жатыр.

Қаржы министрінің орынбасары Д. Темірбеков болашақта Үкімет бюджет шығындарын тұрақтандыру, борышты арттырмау, Ұлттық қордан алынатын трансферттерді азайту, салықтық кіріс базасын арттыру бағытында жұмыс істеуді жоспарлап отырғанын нықтады. Бұл міндет үдесінен шыға алар ма екен? Өмір көрсетеді.

Бюджет қаржыға толуы, тапшылығы болмауы үшін Қазақстан бизнесті серпінді өркендетуі қажет. Мысалы, Америкада бір ғана ExxonMobil федералдық бюджетке 45 миллиард долларға дейін салық пен түрлі төлем аударады. Бұл қазіргі бағаммен 21 триллион теңгеден артық. Қазақстанның 2024 жылғы республикалық бюджетінің барлық шығысы 23 трлн 316 млрд теңге. Демек, Қазақстанның бүкіл бюджетін АҚШ-та бір ғана компания беріп отыр.

Қорыта айтқанда, Үкіметтің бір міндеті – қаптырып алып жатқан қарызымен мемлекеттің тәуелсіздігіне, экономиканың тұрақтылығына, келер ұрпақтың жарқын болашағына балта шаппау, елді жарға жықпау. Қазақ «қарыз алдын – қайғы алдын» деп бекер айтпаған. «Қасқыр қарызын терісімен төлейдінің» кері келіп жүрмегей.



«Қазақстанның мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында» 2030 жылға қарай мемлекеттік борыштың көлемін ЖІӨ-ге шаққанда 32%-дан асыруға болмайтыны, сондықтан Үкіметтің бүкіл жұмысы мемлекет қарызының өсуін тежеуге бағдарланатыны нақты жазылған.



борыштың көлемін ЖІӨ-нің шаққанда 32%-дан асыруға болмайтыны, сондықтан Үкіметтің бүкіл жұмысы мемлекет қарызының өсуін тежеуге бағдарланатыны нақты жазылған. Үкімет бұл шектен асып кетуге қаншалықты таяп қалды?

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2023 жылдың қорытындысында Қазақстанның ЖІӨ-сі 119 трлн 251 млрд 165,7 млн теңгені құрады. Бұл қазіргі бағаммен 253,03 миллиард долларға тең. Ендеше Қазақстанның жалпы сыртқы борышы ЖІӨ-нің 65,3%-ын құрады деген сөз.

Дегенмен Үкімет өз есеп-қисабында жекеменшік сектордың сыртқы борышын назарға алмайды: жеке компаниялар, банктер және басқасы шетелге қарызын өзі өтейді деген үмітте. Әрине, егер борыш ауыртпалығын еңсере алмай, жекеменшік компаниялар жаппай банкрот болып жатса, тұтас секторларға жайрап қалу қаупі төнсе, Үкімет көмекке келуге мәжбүр болатыны жасырын емес. Бұған өткен экономикалық дағдарыстар кезінде мемлекеттің коммерциялық банктерге триллиондап қаржы құйып, құтқарғаны дәлел.

Үкімет борыштың нысаналы индикаторын сақтау шараларын қабылдауы қажет.

Ұлттық банктің есебінде көрсетілгендей, Қазақстанның сыртқы борышы ғасыр басында, 2001 жылғы қаңтарда 12 млрд 634,6 млн доллар ғана болыпты. Арада бес жыл өткенде, 2006 жылғы қаңтарда 43,4 млрд доллар белесін «бағындырды». Ары қарай тау басынан құлаған жентек қардай, геометриялық прогрессияда ұлғая бастады: 2011 жылы – 118 млрд 222,8 млн, 2016 жылы – 153 млрд 6,6 млн, 2021 жылы – 163 млрд 980,1 млн, 2023 жылғы I қаңтарда 160 млрд 682,8 млн доллар болды.

ҚАРЫЗ – ҚАЙТАРУЫМЕН ҒАНИБЕТ

«Аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігін» (АКРА) сарапшылары Қазақстанның мемлекеттік қарызы Ұлттық қордың валюталық активтерінен асып түскенін жариялады. Олардың байламынша, бұл мемлекеттік қаржыға арналған «қауіпсіздік жастығының» енді бұрынғыдай тұрақты еместігін білдіреді. Өйткені Ұлттық қордың активтері елдің базалық резервтері саналады.

Жақында еліміздегі ұлттық компаниялардың басшыларына берілетін сыйақы сомасы белгілі болды. Жылдық есепке сәйкес, 2023 жылы Қазатом-өнеркәсіптің басқарма және директорлар кеңесінің мүшелері ең көп табыс тапқан. Орташа есеппен топ-менеджерлердің әрқайсысы 189 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы алған. Оның ішінде ең төменгі сыйақы мөлшері кен орнына қатысты мекеме басшыларының үлесіне тиесілі болып отыр. Ал елімізде табысы аз азаматтардың шығыны көп.

Кәмила ЕРКІН

Тәуелсіз сарапшы Андрей Чеботарев кез келген мекемеде KPI мен лауазымына қарай сыйақы мөлшері әртүрлі болатынымен келіседі. Оның пікірінше, ұлттық компаниялардың басшыларын шектен тыс көп ақша алады деп айтудың қажеті жоқ. Өйткені біз мемлекет бақылауында болса да, экономиканың жеке секторы туралы айтып отырғанымызды ұмытпауымыз керек. Әйтпесе, бұл лауазымдарға кәсіби менеджерлерді тартудың басқа амалы болмас еді. Чеботаревтің пікірінше, мәселе басқарма немесе директорлар кеңесі мүшелерінің көп қаражат алуында емес, керісінше, билік өкілдерінің ірі корпорацияларды жеке секторға толықтай өткізе алмауында.

«Бұл жеке компания ретінде құрылған. Олардың барлығы мемлекет иелік ететін акционерлік қоғамдар. Бір сөзбен айтқанда, Үкімет бірінші қадамды жасағанымен, екінші қадам жасауға келгенде қаңтарылып қалды. Мұндай қарама-қайшылықтар туындауының сыры да осында, — дейді сарапшы. — Егер олар толығымен жекешелендірілсе, басқарма мүшелеріне кім және неге сонша ақша төлейді деген сұрақтар туындамас еді. Себебі бұл — акционердің проблемасы».

Жақын арада жоғары мінберден айтылған сындарға қарамастан, былтыр «Қазақстан темір жолы» ұлттық теміржол тасымалдаушысының басшылары да жоғары деңгейде табыс тапқан. ҚТЖ-ның 6 миллиард доллардан астам қарызы бар екеніне және жолаушылар тарапынан шағымдардың саны тым мол болғанына қарамастан, бұл компанияның басқарма мүшелері мен директорлар кеңесінің әрқайсысы орта есеппен 102 мың доллар алды.

ОРТАША ЖАЛАҚЫ ҚАНДАЙ?

Қаржы министрлігі мен ҰЭМ өкілдері жаңа Салық кодексінің тұсаукесерінде мәлімдегендей, елімізде айына 3 млн теңгеден астам жалақыны 26,8 мың адам алады. Қазір олар 157,9 млрд теңге салық төлеуде. Ал былтыр 2 миллионға жуық қазақстандықтың жалақысы 50 мың теңге болған. Оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да бар. Бұл азаматтар бюджетке тек 7,2 млрд теңге салық төлеген. Сарапшылар осы мәліметтер арқылы көлеңкелі экономиканың нақты көлемін елестету қиын емес деген пікірде. Себебі бұл топта халықтың 40%-ы жұмыс істейді.

Дегенмен соңғы кезде еліміздегі жұмыс берушілер ұсынатын орташа жалақы мөлшері айтарлықтай өсіп, 269,5 мың теңгеге дейін жетті. HeadHunter жұмыс іздеу онлайн платформасының сарапшылары 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында компаниялар жариялаған бос жұмыс орындарының саны 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12%-ға өскенін айтады. Демек, жұмыс



ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС ТЕҢ БОЛСА...

орындарындағы орташа жалақы да артқан. Егер былтыр бұл көрсеткіш 211,2 мың теңгені құраса, биыл 27 пайызға өсіп, 269,5 мың теңге болған.

Орташа жалақыны орташа номиналды жалақымен шатастырмау керек. Дегенмен оның мөлшері қызметкердің мамандығына байланысты. Мәселен, жұмыс берушілер орта және жоғары буын менеджерлеріне ең жоғары орташа жалақы — 503 мың теңге ұсынады. Одан кейінгі орында консалтинг, стратегия және инвестиция салаларындағы мамандар тұр — 396,9 мың теңге. Ал үшінші орында спорт және фитнес клубтары мен сұлулық салондары — 321,4 мың теңге. Қызметкерлерге 300 мың теңгеден жоғары медианалық жалақы уәде етілген басқа да салаларды атап өтер болсақ: Ақпараттық технологиялар — 313,4 мың теңге; автомобиль бизнесі — 309,8 мың теңге; сату, клиенттерге қызмет көрсету — 308,3 мың теңге; заңгерлер — 306,5 мың теңге.

Қауіпсіздік саласында жұмыс істеуге дайын қазақстандықтарға ең аз жалақы ұсынылады, бұл саладағы жалақының медианалық көрсеткіші небәрі 154,7 мың теңгені құрады. Салыстырар болсақ, ҚР-дағы шетелдік кәсіпорындардағы жалақы нарықтағы орташа жалақыдан екі есе дерлік жоғары.

Мысалы, Бірінші несиелік бюро сарапшыларының хабарлауынша, 2023 жылы Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік кәсіпорындар қызметкерлерінің орташа жалақысы басқа нысандарындағы компанияларға қарағанда 1,7 есе көп болған. Шетелдік компанияларда адамдар орта есеппен 604,1 мың теңге, қазақстандық компанияларда — 364,3 мың теңге алған. Ең үлкен алшақтық орта білім беру саласында байқалады. Шетелдіктердің үлесі бар мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің жалақысы орташа деңгейден 3,2 есе ерекшеленеді. Шамамен 1 миллион теңге.

«Тау-кен өнеркәсібінде шетелдіктер өз қызметкерлеріне орташа деңгейден 14%-ға жоғары төлейді — 771 мың теңгеге қарағанда 877,6 мың. IT салада айырмашылық 857,1 мың теңгеге қарағанда 58%

— 1,35 млн теңгені құрайды. Статистика шағын бизнес көрсеткіштерін ескермейді», — делінген хабарламада.

ҚАРАЖАТ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Сарапшылардың айтуынша, елде азаматтардың күнделікті тұрмысына қажетті шығын көлемі күн санап артып келеді. Бір жыл ішіндегі өмір сүру құны да айтарлықтай жоғарылаған. Соның ішінде бақауатты азаматтардың табысы артса, аз қамтылған азаматтардың жалақысы шығын көлемімен теңесе алмай келеді. Мәселен, ай сайынғы табысы 70-тен 200 мың теңгеге дейінгі адамдардың шығыны кірісінен асып кетеді. Jusan Analytics сарапшылары

жалақы алатын жалдамалы қызметкерлердің қаражат жинау мүмкіндігі төмен. Өйткені олардың шығыны табысымен теңесіп тұр.

Ал ай сайынғы кірісі 401 мың — 2 млн теңгеге дейінгі тұрғындардың базалық қажеттіліктері біршама тұрақталғанымен, табысымен пропорционалды емес. Мұны сарапшылар Паркинсон заңымен түсіндіреді. Оған сәйкес, адам неғұрлым көп ақша тапса, соғұрлым көп ақша жұмсайды. Тек негізгі қажеттіліктерге ғана емес, сонымен қатар өмір сапасын жақсартатын дүниелер сатып ала бастайды.

Талдаушылардың есептеулері бойынша, кіріс деңгейі 400 мың теңгеге дейін адам қаражатының негізгі бөлігін (45%-дан астам) супермаркеттерде саудалайды. Ал кірісі одан көп тұлғаларда керісінше, супермаркетке емес, тамақтану орындарына көп ақша жұмсайтыны анықталған.



Былыр «Қазақстан темір жолы» ұлттық теміржол тасымалдаушысының басшылары да жоғары деңгейде табыс тапқан. ҚТЖ-ның 6 миллиард доллардан астам қарызы бар екеніне және жолаушылар тарапынан шағымдардың саны кестеден тыс болғанына қарамастан, бұл компанияның басқарма мүшелері мен директорлар кеңесінің әрқайсысы орта есеппен 102 мың доллар алды.



бұл құбылыста импульсивті шығындарға бейім жастардың үлесі басым дейді. Сондай-ақ сарапшылар қаражатты шектен тыс жұмсауға қазір белең алып отырған тұтынушылық несиелер мен басқа кіріс көздері әсер етіп отырғанын айтады. Статистика бюросының деректеріне сүйенсек, қазақстандықтардың барлық табысының шамамен 75%-ы жалақыдан құралады.

«Мысалы, 200 мың табатын Астана тұрғындары демалыс үшін табысы екі есе көп тұрғындарға қарағанда 50 мың теңгеге көп жұмсайды. Осындай жағдай Алматының жалдамалы қызметкерлерінің арасында байқалады: олар кірісі 200 мыңнан жоғары адамдармен салыстырғанда киім мен аяқкиімге көбірек ақша жұмсайды», — дейді мамандар.

Талдау авторлары жазғандай, 201 мыңнан 400 мың теңгеге дейінгі диапазонда

Статистика бойынша, кафелер мен мейрамханаларға келушілердің 24 пайызының кірісі 200 мыңға дейін, ал 51%, яғни әрбір екінші адамның табысы 2 млн теңгеден асады.

Табысы 400 мың теңгеге дейінгі адамдардың 35%-ы сұлулық салондарына, косметика дүкендеріне және массаж салондарына барады. Ал 701 мың теңгеден және одан жоғары табыс табатындар арасында келушілердің үлесі шамамен 60%-ды құрайды.

Қазақстандағы мұндай экономикалық теңсіздік ел экономикасына айтарлықтай әсер ететіні анық. Өйткені мұның соңы әлеуметтік тұрақсыздыққа, тұтынушылық сұраныстың төмендеуіне, кедейлердің сапалы білім мен денсаулыққа қол жеткізбеуіне әкелуі мүмкін. Ал өз кезегінде бұл адами капитал мен еңбек өнімділігінің деңгейін төмендетеді.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ – МАҢЫЗДЫ ІС

Қазір елімізде өндірілген жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 45%-ы – мал шаруашылығының үлесінде. 2017 жылдан бері агроөнеркәсіп кешенінің дамуы шеңберінде мал шаруашылығы саласында инвестициялық жобаларды субсидиялауға шамамен 30% немесе 35,9 млрд теңге бөлінген көрінеді.

Бердібек ҚАБАЙ

МАЛ БАҚҚАНҒА БІТЕДІ

Осыдан екі жыл бұрын еліміздегі мал түлігінің басын санамалап орташа есеппен шығарған болатын Ауыл шаруашылығы министрлігі. Сонымен министрліктің арнайы мәліметі бойынша, 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдайға қарасақ, еліміздегі мал саны 33,3 млн бас деп тіркелген. Оның ішінде, ірі қара мал – 8,3 млн, ұсақ мал – 20,6 млн, жылқы – 3,4 млн, түйе – 250 мың бас деп көрсетілген. Санға қарап жыл сайын түліктің үлесі артып келе жатқанын байқай аламыз. Олай дейтініміз – 2000 жылдардың бас кезінде еліміздегі мал санын айтудың өзі қорқынышты халге жеткен. «Мал баққанға бітеді» демекші, қазір мал бағып, түлік санын көбейтіп отырғандар туралы жиі естиміз. Тіпті, мемлекеттің қолдауымен жылқысын асылдандырып, қойын көбейтіп жатқандар да жетерлік. Мұндайға қарап қуанасын. Одан бөлек, елде өндірістің ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы нарықтың әлеуетін салыстыру және талдау негізінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі ұзақмерзімді келешегі етті мал шаруашылығы екенін байқаймыз. Бұл бағытта мемлекет арнайы модельді бағдарлама кешенін де даярлап, тәжірибеден өткізді. Осылайша, қабылданған модель Қазақстанның нақты ерекшеліктері мен көшпелі отарлы мал шаруашылығы дәстүрлерін негізге алып отыр. Біздің елде барлығы 180 млн гектар астам жайылым бар десек, соның 58 млн гектары қолданыста екен. Кейбір сарапшылар біздегі жайылым жердің 120 млн қойға еркін жететінін айтады.

Иә, мал басының өскені жақсы. Ел экономикасына да үлкен қолдау болары сөзсіз. Одан бөлек, ауыл халқының еңбекпен қамтылуы мәселесіне де үлкен сеп. Айталық, қазір біздегі елді мекендер мен ауыл-аймақтарда 3,8 млн адам ауыл еңбегіне қабілетті деген дерек бар. Бүгінде соның 1,3 млн адамы ауыл шаруашылығында жұмыспен толықтай қамтылған. Ал қалғанын түгел жұмыстандыру үшін бірінші кезекте мал басын арттыру – кезек күттірмейтін шаруа. Дегенмен ел Үкіметі шаруалар мен шаруашылықтарды дамытудың сан алуан тетігін ойлап тауып, түрлі деңгейде қолдап келе жатқанын баса айтқан абзал.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ҚОМАҚТЫ

Қазақстанда мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік саясаты әлемнің озық технологияларын ескере отырып жүргізілуде десек те болады. Мысалы, ауыл шаруашылығы саласында мал түлігін өсіру мен оның басын асылдандыру мен сатып алуға байланысты арнайы заңда нормалар бекітіп, субсидиялау жүйесі қарқынды түрде жүзеге асырылып келе жатқаны белгілі.

Жалпы, асылтұқымды мал басына субсидия төлеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығында «Асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Әрине, мал басын асылдандырамын деп сұрасаңыз болды, қолға ақша ұстата салады деген сөз емес. Оның өзінің тиісті шарттары бар. Мысалы, жеке шаруа өзінің электронды



цифрлық қолтаңбасы арқылы PLEM KZ порталына кіріп, субсидияға өтінім жібере алады. Сатып алынған асылтұқымды аталық және аналық ірі қара малының бір басына – 150 000, ал тауарлы аналық малдың біреуіне – 10 000, асылтұқымды шаруашылық аналық бастарына – 150 000 теңге көлемінде субсидия төленеді. Ол үшін бір бас аталық малға 25 аналықтан болуы шарт. Қой малына байланысты төленетін субсидия жайлы айтсақ, асылтұқымды 1 аталық қосқарға – 15 000, тауарлы аналық басқа – 2 500, асылтұқымды аналықтың біреуіне – 4 000 теңге. Алайда субсидия төленуі үшін 1 аталық қосқарға 25 аналық қой болуы тиіс. Жылқы және түйе малының асылтұқымды аталығын сатып алғаны үшін 1 басқа 100 мың теңге субсидия бар, аналығына төленбейді. Барлық сатып алынатын асылтұқымды мал асылтұқымды мал өсіретін құжаттары бар шаруашылық субъектілерінен алынуы керек. Осылайша, мемлекеттік бюджеттің есебінен малын асылдандыру жұмысымен айналысып жатқан шаруашылықтарға ірі сабақты мал азығын (шөпке) дайындауға арналған субсидия да бар. Оны алу үшін мүйізді ірі қара 25-тен, қой малы 200-ден, жылқы мен түйе 50 бастан жоғары болуы қажет.

Бір сөзбен айтқанда, мемлекет субсидиялауды селекциялық-асылтұқымдық жұмыстармен айналысатын тауар өндірушінің шығындарының бір бөлігін өтеп беріп отыр. Ол қатарда асылтұқымды мал сатып алу, етті және етті-сүтті сиырлардың асылтұқымды бұқаларын сатып алу, асылтұқымды қойлармен айғырларды, түйелерді сатып алу, ет және жұмыртқа өндіру үшін асылтұқымды жас құстарды сатып алуды қаржыландырады. Сонымен қатар асылтұқымды бұқаларды, қосқарларды күту, аралар колонияларымен жұмыс және жасанды ұрықтандыру қызметтері мен түлікті күтіп баптауға да қаражат қарастырылған.

Субсидия мөлшері малдың түріне байланысты болмақ. Мәселен, бір отандық асылтұқымды сиырға 150 мың теңге қарастырылса, Аустралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан немесе Еуропадан әкелінген сиырға 300 мың теңге бөлінеді. Әрине, мұның барлығы елдегі төрт тұяқтының сапасын арттыру мен шаруаларға қолдау тұрғысынан жасалып жатқан дүниелер. 2024 жылдың басында бекітілген жаңа ережеге сай үй жануарларын жалға беру үшін субсидиялар алынып тасталған.

Міне, мемлекет қойып отырған талап осы. Бар болғаны тиісті құжаттарды арнайы жүйеге электронды түрде жүктейсіз. Ұсын-

ым мақұлданған жағдайда қажетті қаражатты қалтаңызға салып, мал қамына кірісе бересіз.

ШАРУАШЫЛЫҚТА ӨСІМ БАР

Бүгінде аймақтарға мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінеді. Есепті кезеңде ауыл шаруашылығында 220,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 3,7%-ға артқан. Сондай-ақ ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 19,7%-ға, тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 14,3%-ға артып отыр. Былтыр ауыл шаруашылығы саласына 18,2 млрд теңге қарастырылған болса осы жылы 24,9 млрд теңге бөлінуде.

Статистика мәліметтеріне қарасақ, жалпы мал шаруашылығы саласы Қазақстанда тұрақты қарқынмен дамып келеді. Соңғы 5 жылда шаруашылықтың барлық санатында сиыр етін өндіру 56 мың тоннаға немесе 11,7%-ға артқанын байқауға болады. Бұл көрсеткіш 2018 жылғы 477,4 мың тонна болса 2022 жылы 533,2 мың тонна болған. Нәтижесінде, бүгінде елді сиыр етімен қамтамасыз ету 102%-ды құрап отыр екен.

Бір қуанатыны, төрт түліктің санын көбейтуісіне мемлекеттен бөлек, шаруалар да соңғы жылы белсеніп кірісіп кеткен. Жылдың басында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин Қазақстандағы мал шаруашылығының негізгі міндеттерін, проблемалары мен даму перспективалары жөнінде кеңес өткізген болатын. Осы жиында фермерлер мал шаруашылығын дамыту бойынша өз жоспарлары мен ұсыныстарын ортаға салған. Айталық, «Нұрым Топ» ЖШС мен «Қайып Ата» ЖШС құрылтайшысы Сырым Ертаев Түркістан облысында 25 мың басқа арналған бордақылау алаңын дайындап жатқанын, сондай-ақ 4,5 мың гектар суармалы жерді игеру жоспарда барын айтты. Бизнес-жоспар мен қажетті құжаттары да дайын. Қазір алғашқы жұмыстар да басталған көрінеді. Сонымен қатар «Қарасу–Астық» инвестициялық жобасының жетекшісі Талғат Малаев мал басын көбейту жоспарлары туралы айтып берді. Ол өзінің басқаруындағы қожалықтарды, Жемшөп базасы, оны дайындауға арналған техника, бір уақытта 3 мың бас малды бордақылауға мүмкіндік беретін алаң барын, оның ішінде 1,8 мың төлдейтін мал басы тұрғанын баяндады. «Біз мал бордақылау алаңын 10 мың басқа дейін ұлғайтуды, ет комбинатын жаңғыртуды, өнімді терен өңдеу технологиясын енгізуді және асылтұқымды репро-

дукторды 7 мың басқа дейін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Оған қоса, «жасыл» технология – биогазды дамытуды көздеп отырмыз», – деді.

ZHERSU инвестициялық-өнеркәсіптік корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы және «Архарлы–Майбүрек» және «Қайыңды» жобаларының үйлестірушісі Лияс Жанановтың айтуынша, қожалықта 7 мың төлдейтін малы бар, олардың көбі – Абердин-ангус және Герефорд тұқымы. Алдағы уақытта мал басын 10 мыңға дейін жеткізуді және 2 мың гектар жерге суару жүйесін орнатуды жоспарлап отырғанын жасырмады.

Сонымен қатар кеңес барысында ветеринария жүйесін реформалау және экспорттық нарықтарды ашу, мемлекетке қайтарылған жерлерді әділ бөлу қажеттігі туралы ұсыныстар да айтылды.

«Біз дамыған елдердің озық тәжірибесін енгізуге және сол арқылы Қазақстанда ет өндірісін арзандатуға дайын адамдарды қолдайтын боламыз. Пилоттық жобаларда жана әдістерді сынақтан өткіземіз. Қазір бізге ауқымды бағдарламалар емес, кейін ел бойынша енгізуге болатын табысты модельдер қажет. Бірақ ер жоба өңірлерде, «Атамекен» ҰКП-да қаржылық тұрақтылық, іскерлік бедел, қаржы институтының барлық талабына және басқа да параметрге сәйкестігі тұрғысынан мұқият тексерістен өтеді», – деп түйіндеген болатын сөзін Серік Жұманғарин.

СҮТ ӨНІМІН ӨНДІРУ – ҮЛКЕН ҚАДАМ

Мал шаруашылығын айтқан шақта сүт өнімдері мен сүт фермалары туралы айтпауға болмас. Қазір елімізде ірілі-ұсақты сауын фермаларының күн санап көбейіп жатқаны көңіл қуантады. Бұл салаға мемлекет те қаржыны аяп жатқан жоқ. Айталық, былтыр Солтүстік Қазақстанда 8 мың бас қара малға шаққанда Орталық Азиядағы ең үлкен сүт кешенін құрылысы басталған болатын. Жаңадан салынып жатқан нысанның құны 9 млрд теңгені құрап отыр. Ферма 7 бірдей ірі кешеннен тұрады. Тек соның біреуінің өзінде 1,3 мың басқа дейін сүтті ірі қара жемделмек. Бұл дегеніміз – кем дегенде төрт жүзден астам адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бермек. Ал бұл өнімдерімен өзгені айтпағанда орталық және солтүстікті таза сүтпен қамтуға толық жетеді деген сөз.

Елімізде жыл басынан бері 16 тауарлы сүт фермасы пайдалануға берілген. Бұл туралы Үкімет отырысында ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Президенттің сүт пен құс еті бойынша импортқа тәуелділікті азайту жөніндегі тапсырмасы қалай орындалып жатқаны жөніндегі есебі барысында баяндады. Министрдің айтуынша, биыл сүтті мал шаруашылығында қуаттылығы 65 мың тонна сүт болатын 373 тауарлы сүт фермасын енгізу жоспарланған. Бұл мақсатта республикалық бюджеттен 100 млрд теңге бөлінген екен. «Бірінші жартыжылдықта қуаттылығы 16 мың тонна сүт болатын 67,2 жоба пайдалануға берілді. Бұл үшін асылтұқымды мал сатып алынды. Тауарлы сүт фермасы құрылысы аясында биыл 30 мың аналық ірі қара мал басын импорттау жоспарланған. Бүгінде сегіз өңір барлығы 7,4 мың бас мал өкелді», – деді министр Айдарбек Сапаров.

Жалпы, биыл агроөнеркәсіп кешеніне 1,7 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланған. Осы жылдың 6 айда шамамен 410 млрд теңге инвестициялық жобалар қаржыландырылғаны белгілі болды.

Президент тапсырмасына сай алдағы жылдары 115 тауарлы сүт фермасы салынады деген жоспар бар. Бұл сүт өндіру көлемін 600 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ жылына 120 мың тоннадан астам ет өндіретін 15 ірі құс фабрикасын пайдалануға беремек екенбіз. Осылайша, алдағы бес жылда Қазақстанның агросекторында жалпы сомасы 2,7 триллион теңге болатын 900-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. «Мал өссе мұрт майланады» демекші, елдің ауыл шаруашылық әлеуетін арттыру, оның ішінде мал шаруашылығының өнімділігін өсіру ең басты міндет болып отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

(Басы 1-бетте)

Бүгінде Қазақстан экономикасында қалыптасқан өндірістік-шикізаттық сипатқа ие тұтастықты бұзып, оны өңдеу деңгейінде екшеу күн тәртібіндегі мәселе болып тұр. Ал оның бір жолы кластерлік модель екені анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Металдарды терең өңдеу, мұнай, газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автокомпоненттер өндіру және тыңайтқыштар сияқты бағыттарға назар аудару қажет. Мемлекет ірі кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуын қамтамасыз етуі керек. Ол үшін өндіріс саласын реттейтін және ынталандыратын түрлі тәсілді қолданып, өңдеу өнеркәсібі шикізатты көңілге қонымды бағамен жеткілікті көлемде алуы қажет», — деп атап өткен болатын. Бұл ретте Президенттің қойып отырған талабы: тауарларды өзімізде өндіру, ол тауарлардың сапалы болуы, тек ішкі нарықты қамтып қоймай, шетелге де бәсекеге қабілетті тауарлар шығару.

Осы тұста машина жасау саласына ерекше тоқталуға болады. 37 саланы қамтитын осынау технологиялық орта үлкен қозғаушы күшке ие. Бір-ақ мысал: ішіне ауыл шаруашылығы, энергетика, тау-кен, мұнай-газ, металлургия, теміржол және тағы басқалар кіретін бұл салада ашылған бір жұмыс орны аралас салаларда 8-10 жұмыс орнына дейін ашуға мүмкіндік жасайды. Қай шаруашылық немесе өндіріс болмасын механизация мен автоматизация болса ғана мол технологиялық өнім беретіні белгілі. Сол сияқты әр саланың өзіне тән арнайы техникасы мен технологиялары бар. Ауыл шаруашылығында жер жырту, егін егу, шөп ору, жем дайындау сынды тағы да басқа өзіндік мақсаттағы техникалар болса, тау-кен саласында да, энергетика саласында да, көлік саласында да ауыр-ауыр техникалар, ортанқол агрегаттар, ТЭЦ, ЛЭП, турбиналар мен қазандықтар сынды жабдықтар қаншама. Бұл ретте өнім өндірілмесе де, жәй ғана тасымалды жүзеге асыратын теміржол саласының өзінде қаншама вагон, локомотив, рельс және оның бекіту элементтері жетерлік. Токетері, бұл сала жәй ғана бұранда-тетікшелерден бастап ғарыштық аппараттарға дейін шығара алады. Сол себепті машина жасау саласын экономиканы дамытудың негізгі драйвері деуге толық негіз бар. Қазір Қазақстанда бұл салада 5 400-ден астам кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Онда 118 мыңнан астам адам еңбек етеді. Президенттің тапсырмасымен «Машина жасауды дамытудың 2019-2024 жылдарға арналған Жол картасында» машина жасау өнімінің көлемін 2019 жылғы 1 трлн теңгеден 2025 жылға қарай 2,6 трлн теңгеге дейін ұлғайту міндеті қойылған болатын. Десе де бұл жоспар



ӨНДЕУ САЛАСЫ ӨРЛЕУ САЛАСЫ БОЛА МА?

мерзімінен бұрын асыра орындалып, 2022 жылы-ақ елімізде 3,1 трлн теңгенің өнімі өндірілді. Бір сөзбен айтқанда, соңғы 4 жылда өзімізде өндірілген өнім көлемі 3 есеге артып отыр. Бұл тек машина жасау саласындағы жетістіктер ғана.

Ал жалпы алғанда елімізде өңдеу секторы әлі күнге дейін импортқа тәуелді екенін жасыруға болмайды. Оның көлемі 50%-дан асады. Көбіне қосымша құны бар тауарлар импортталады. Әсіресе, бұл технологиялық өнімдерге және шикізатқа қатысты. Қазақстан Ресейден машина жасау тауарларының мыңдаған түрін сатып алады. Республиканың меншікті өндірісі әлі де жеткілікті деңгейде құрылған жоқ. Жергілікті компаниялар шахталар мен зауыттарға сұранысының 10/1 бөлігін ғана жеткізе алып отыр. Тек металлургия саласының өзі жыл сайын құрал-жабдықтарды импорттауға 15-20 миллиард доллар жұмсайды десек, бұл өте үлкен нарық екені сөзсіз. Ал өңдеу секторының шамамен 40%-ы металлургияға тиесілі. Соның өзінде де мұнда негізінен төмен деңгейде өңделген өнімдер, аралық тұтыну тауарлары және өнеркәсіптік шикізат өндіріледі. Оны сол күйі шетел асырмай, өзімізде өңдеу туралы айтылып жүргеніне аз болған жоқ.

Осы ретте, әрине мемлекет те қамсыз емес. Өңдеу өнеркәсібінде импортты алмастыруға және экспортқа бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша жалпы құны 930 млрд теңге болатын 170 жоба іске қосылып, 12 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылған екен. Келесі жылға дейін өңдеу өнеркәсібіне арналған барлық тауардың импортын 40%-дан асырмау жоспарланып отыр. Сондықтан бірінші кезекте отандық тауар өндірушілер мемлекеттік қолдауға ие болады. Бұл еліміздің импортталмастыру жолындағы бірінші және аса

маңызды қадамы болмақ. Атап айтқанда, лак және бояу материалдары, арматура, арнайы жұмыс киімі, медициналық жиһаздар, жылу сақтағыш материалдар, лифтер және тағы да басқа импортқа тәуелді тауар өндірісі жолға қойылмақ. Импорт алмастыруды ынталандыру үшін отандық өңдеушілерді қолжетімді бағадағы шикізатпен қамтамасыз ету механизмі де іске қосылған. Бүгінде осы мақсатта металдың үш негізгі түрі — алюминий, мыс, қорғасын бойынша

жаңа өндіріс орындарын іске қосу да маңызды міндеттердің бірі. Одан бөлек, жеткізілетін тауарлар көлемін ұлғайту және қайта өңделетін өнім номенклатурасын кеңейту бойынша жұмысты күшейту қажет. Қаржыландыру мәселесін сөз еткенде, мұндағы қарастырылатын жеңілдіктерге тоқталмай кетуге болмайды. 2025 жылдың қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Онда өңдеуші саладағы жаңа жобаларды үш жыл мерзімге салықтан боса-

арттыра түсу мақсатында жалпы құны 1,5 трлн теңге болатын 180 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Нәтижесінде, 18 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Атап айтқанда олар — Павлодар облысында феррокорытпа зауыты, Қостанай облысында жүк көліктеріне арналған темір бөлшектер шығаратын зауыт, Павлодар облысында ұсталық-бандаж кешені, Алматы облысында тұрмыстық техника шығаратын зауыт және Қарағанды облысында жел энергетикасы қондырғыларына арналған құрамдас бөліктер шығаратын зауыт.

Биылғы жарты жылдықта өңдеу өнеркәсібі нысаналы индикаторлар шегінде, яки 5,1%-ға өсіп отыр. Оның ішінде металлургия өндірісі 8,3%, машина жасау 9,4%, химия өнеркәсібі 5,3%, жиһаз жасау 28,3%, фармацевтика 14,8%-ға артты. Құрылыс саласында өсім 8,6%-ды құрады. Қарастырылып отырған

кезенде 7,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 1%-ға артық. Сарапшылар, мұндай өсімге отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларын жетілдіру нәтижесінде қол жеткізілгенін айтады. Мәселен, ОТӨ-мен жасалған шарттардың саны 2023 жылғы 22,7 мыңмен салыстырғанда 45,7 мыңға дейін артқан. Соның ішінде, былтыр ірі тапсырыс берушілер мен отандық өндірушілер арасында жалпы құны 66 млрд теңгені құрайтын ұзақмерзімді 179 шартпен оффтейк-келісімшарт жасалған болатын. Мұнымен қатар ішкі сұранысын қанағаттандыру мақсатында ірі компаниялар («Қазақмыс», ERG, «Қазмырыш» және тағы басқа) өз айналасында шағын және орта бизнес белдеуін құруда. Кәсіпорындардың инфрақұрылымға қолжетімділігін кеңінен қамтамасыз ету мақсатында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметі жетілдірілуде. Еліміздің өңдеу өнеркәсібіндегі өнімдердің 50%-дан астамы ресурстарды өндіруге бағытталған, яки шикізаттан тұрады. Ал 38,4%-ы технологиялық күрделілігі төмен және орташа өнімдер. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда өңдеу саласында 5 500-ге жуық тауар түрі шығарылады екен. Оның ішінде, 25%-ы терең өңдеуге, 45%-ы орташа, 30%-ы төмен өңдеуге жатады.

Қазір еліміздің алдында 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайтып, оны 450 миллиард долларға жеткізу жөнінде маңызды міндет тұр. Бұл ретте металды терең өңдеу мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтқанда, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек. Сонда ғана өңдеу саласы өрлеу саласына айнала алмақ.



Ал жалпы алғанда елімізде өңдеу секторы әлі күнге дейін импортқа тәуелді екенін жасыруға болмайды. Оның көлемі 50%-дан асады. Көбіне қосымша құны бар тауарлар импортталады. Әсіресе, бұл технологиялық өнімдерге және шикізатқа қатысты.



25-тен астам келісім жасалған. Бұл өңдеуді тереңдетіп, республикада өндірілетін тауарлардың номенклатурасын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Өңдеу саласын өрлеу саласына айналдыруда шешім күткен бұдан да өзге жайттар аз емес. Айталық, қаржыландыру мәселесінде түйткіл көп. Мәселен, несиелеу мөлшерлемесі 22%-ға дейін барады. Кредиттің мұншалықты қымбат болуы өңдеуші сектордағы кәсіпорындардың дамуына кедергі келтіретіні анық. Отандық шикізаттың жекелеген түрлерінің жоғары құнына байланысты да проблемалар бар. Бұл қайта өңделген түпкі өнімнің импорт тауарлармен бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Сол себепті де, өндірісті локализациялауды арттыру мақсатында жобалар қолжетімді қаржыландырумен, оның ішінде бюджеттен тыс көздер және кепілдік беру тетіктерін кеңейту есебінен қамтамасыз етілуге тиіс. Кәсіпорындардың негізгі қорларын уақтылы жаңарту және

ту қарастырылып отыр. Сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің арқасында 1 қаңтардан бастап кәсіпкерлікті тексеру адамның араласуынсыз өтетін болады. Бұл тексерулер санын екі есеге қысқартуға септік етпек.

Бұл салада өндірістік қорлардың әбден тозуы, өндіріс қуатының жеткіліксіз жүктелуі, білікті кадрлардың тапшылығы, шикізат импортына тәуелділік сияқты қордаланған проблемалар аз емес. Нарық қажеттілігіне жауап беретін мамандарды даярлау үшін білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасындағы байланысты нығайтудың маңызы зор. Жалпы, өңдеуші сектордағы ахуалды жақсарту үшін мемлекет, бизнес, депутаттар және ғылыми-білім беру мекемелері бірлесіп, кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізуге тиіс.

Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің үлесі елдің жалпы ішкі өнімінің 12,1%-ын құраған екен. Енді биыл осы көрсеткішті

Был Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты алуға үмітті қаламгерлер тізімінде балалар ақыны, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Болат Үсенбаевтың да бар екенін көргенде, өз басым қатты қуанып қалдым. Себебі мемсыйлыққа үміткерлер қатарында балалар қаламгерінің қосылуы сирек.

Жалпы, бізде балалар қаламгерлерін ескере бермейтін ескі бір тенденция бар. Олай дейтініміз, балалар әдебиеті бойынша Мемлекеттік сыйлық алған алғашқы әрі соңғы кітап балалар әдебиетінің классигі Мұзафар Әлімбаевтың «Аспандағы әпке» кітабы болатын. Бұл кітапқа мемсыйлық 1984 жылы берілді. Содан бері 40 жыл өтіпті. Сол уақыттан бері балалар қаламгері бұл сыйлықты алған емес. Осыған қатысты ойымды өткенде Facebook парақшамда бөлісіп қойған едім. Бұл жолы балалар әдебиетінің бүгінгі классигі Болат Үсенбаевтың сыйлыққа ұсынылып отырған «Тәуелсіздік деген не?» кітабына һәм осы жинақта жарық көрген өлеңдерге арнаулы тоқталғанды жөн көрдім.

Қазіргі балалар әдебиетінің өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген қаламгерлердің бірі — Болат Үсенбаев. Ол ұзақ жылдар бойы республикалық «Ақ желкен» және «Балдырған» журналдарында жауапты қызмет атқарды. Содан болар, балалар тақырыбына тиіп-қашып, ағусті карамайды. Әрине, көпшілік Болат Үсенбаевты үлкендерге жазатын ақын ретінде таниды. Дегенмен қаламгердің екінші қанаты — балалар әдебиеті. Болат ақынның балалар әдебиетіне деген адалдығы, жауапкершілігі оның шығармашылығынан да байқалады.

Болат ақын өлеңдерінің балаларды өзіне бірден баурап алатын қасиеті бар. Оның өлеңдері кішкентай оқырмандардың сана-сезіміне әсер етіп, ой салады. Өйткені қаламгер балаша ойлана алады. Баланың жан дүниесіне үңіле біледі. Поляк педагог жазушысы Януш Корчактың балалар қаламгерлеріне қарата айтқан: «Баланың деңгейіне түсемін деме, шаман жетсе оның деңгейіне көтеріл», — деген сөзі бар. Шынында, Болат Үсенбаев — бала деңгейіне көтеріле алған ақын. Олай дейтініміз, оның өлеңдерінен сәбиге тән тазалықтың, бала болып ойландудың белгісі байқалып тұрады. Иә, қаламгер балаша қиялдайды, балаша толғанады, балаша мұңайып, балаша қуанады. Бізде қазір жетіспей жатқан бір нәрсе осы: кейбір ақындар бала болып ойлана алмайды. Совет балалар әдебиетінің классигі Самуил Маршак: «Балалар балалық пен даналықтың екі ортасында өмір сүреді», — деген болатын. Шынында, балалар ақыны баладай кіршіксіз, данадай парасатты болғаны абзал. Осы екі қасиет қабысып, үйлесім тапқанда ғана балалар сүйсініп оқитын көрікті өлең туады.

Болат Үсенбаевтың өлеңдері бұған дейін балабақша және мектеп оқулықтарына, балалар поэзиясының антологияларына енді. Ақынның өлеңдері кішкентай оқырмандардың талғамынан шығып, оң бағасын алды. Қаламгердің үлкен бәйгеге үкілеп қосып отырған «Тәуелсіздік деген не?» кітабы соңғы 20 жылдың бедеріндегі балаларға арнап жазылған сүбелі еңбек деуге болады. Кітап 8 бөлімнен тұрады, негізінен өлеңдер мен жырмен жазылған аңыз-ертегілері енген. Автор кітабына асқан жауапкершілікпен қарағаны білінеді.

«Тәуелсіздік шуағы», «Құрмет жырлары», «Ең жақсы күн» (мерекелік жырлар), «Балабақша жырлары», «Табиғат — тылсым әлем», «Жақсы мен жаман», «Шынықсаң шымыр боласын», тағы басқа тартымды бөлімдері өзіне еріксіз тарта түседі. Кітапта жарияланған өлеңдердің тілі құнарлы. Көтеріп отырған тақырыбын тереңнен таразылап, оқырмандарға танымдық білім мен тәрбиелік тәлім береді.

Кітаптың «Тәуелсіздік шуағы» деп аталатын бірінші бөліміндегі өлеңдер балаларға отансүйгіштік сезімге баулиды.



«Менің туым», «Қазақстаным» «Елтаңба», «Әнұран», «Отанға тағзым», «Ұланымын ұлы Отанның», «Балалар ерлігі», «Қазақ даласы», т.б. өлеңдері балдырғандарды туған жерін, елін сүйуге, рәміздерін қызғыштай қорғауға тәрбиелейді. Қаламгер «Қазақстаным» өлеңінде:

*Даламды бабам мұра еткен,
Ұрпағы қорғап, түлеткен.
Қалалар жайып қанатын,
Ауылымды арай, нұр өпкен.*

*Қазақстанымды қасиетті
Сүйемін алау жүрекпен!* — деп елді сүйуге шақырса, «Қазақ даласы» өлеңінде оқырмандарды шежірелі тарихтан тағылым алуға шақыра келіп:

*Ұлы ержүрек, қызы батыл,
Шерттер әрбір шыңы да сыр.
Дала сырын жырға қосар
Азат дәуір, ұлы ғасыр.*

*Тарих — тауы, төбешігі,
Күтті уақыт төрешіні.
Жадымызда жаңғырады*

Бабалардың өр есімі, — деп түйіндейді. Қазір балаларды патриотизмге баулу аса маңызды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек», — деген аталы сөзі бар. Ал бала оқытудың төте жолы тағылымды тәрбие беру екені сөзсіз. Себебі бала үшін отансүйгіштік тәрбиеден асқан тәрбие жоқ.



Болат ақын өлеңдерінің балаларды өзіне бірден баурап алатын қасиеті бар. Оның өлеңдері кішкентай оқырмандардың сана-сезіміне әсер етіп, ой салады. Өйткені қаламгер балаша ойлана алады. Баланың жан дүниесіне үңіле біледі. Поляк педагог жазушысы Януш Корчактың балалар қаламгерлеріне қарата айтқан: «Баланың деңгейіне түсемін деме, шамаң жетсе оның деңгейіне көтеріл», — деген сөзі бар. Шынында, Болат Үсенбаев — бала деңгейіне көтеріле алған ақын.

Балаға беруге тиіс тағы бір тәрбие тілге қатысты. Ана тілі ананың әлдінен, кейін балалар әдебиетінен бастау алады. Бұрын кішкентай балаға санамақ, жаңылтпаш, тақпақ жаттататын, жұмбақ жасыратын. Мұның бәрі баланың зейінін ашу, тілін дамыту үшін қажет. Өзінің ана тілін құрметтеп өскен бала болашақта зерделі, талапты тұлға болып қалыптасары анық. Сондықтан ана тілін балаларға дәріптеу қаламгерлердің басты мақсаты болуы тиіс. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Осы ойды Болат ақын: «Туған тілдің қадірін біл, қазағым, Жоғалса тіл, жоғалады ұлттығың!» деп жырға қосады. Ақын «Тіл туралы толғаныс» өлеңінде кастерлі қазақ тілінің бұрынғы һәм қазіргі жағдайын жырға қоса келіп:

*Қаны қазақ барда арлы қыз,
айбатты ұл,
Өзге тілге бодан болма, қайрат қыл.
Жерің менен еліңді әлем таныды,*

Енді тілің бар екенін айғақ қыл! — деп балаларды тілінен тағылым алуға шақырып, міндет жүктейді.

Кітаптың «Құрмет жырлары» деп аталатын екінші бөлімінде Абай Құнанбайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Бауыржан Момышұлы, Әбілхан Қастеев сияқты ұлтымыздың ұлы тұлғаларын таныстырса, «Ең жақсы күн» атты үшінші бөлімде Наурыз, Білім күні, Жаңа жыл секілді мерекелерге арналған жырлар, сонымен қатар «Балабақша жырлары» деп аталатын төртінші бөлімде әлі мектеп табалдырығын аттай қоймаған кішкентай бүлдіршіндерге арналған тәтті тақпақтар топтастырылған. Сол секілді «Табиғат — тылсым әлем» бөлімінде жан-жануарларды, аң-құстарды, өсімдіктерді қорғауға, экологияны сақтауға, ауаны ластамауға, табиғатпен сырласуға шақыратын сыршыл жырларға жол берілсе, «Жақсы мен жаман» бөлімінде бала бойындағы алаңғасар, салақ, шолжаң секілді жат әдеттерді сынай келіп, керісінше қайырымды, әдепті, еңбекқор, ісмер, өнерлі, кітапқұмар, талапты, зерек балаларды қолпаштап, солардан үлгі алуға, солардай болуға үндейді. Ал «Шынықсаң шымыр боласын» бөлімінде балдырғандарды спортпен шұғылданып, саламатты өмір салтын сақтауға шақырады. Кітаптың «Ертегілер мен аңыздар» деп аталатын соңғы бөлімінде «Ынтымақ пен бірлік туралы ертегі», «Жарылмаған бас туралы аңыз», «Аңдардың мектепке баруы туралы ертегі», «Мадиярдың ерлігі туралы

Бірір жыл бұрын Қаллеки театрында қойылған «Алтайдан ауған ел» спектаклін (режиссері – Фархат Молдағали) аты аңызға айналған Асанәлі Әшімовпен қатар отырып көрдім.

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРДЫҢ ЖАҒҒЫРЫҒЫ

Театр мен киноның майын ішкен абыз ақсақалдың ұлтымыз басынан өткерген трагедияны күрсініспен қабылдағанын эмоциясынан байқап отырдым. Мәселе оқиғаның тарихына ғана байланысты емес, жүйелі драматургияға, режиссерлік шешім мен актерлік шеберлікке де байланысты ғой. Осы үштік үйлесім тапқан ерекше қойылым болды.

Қиын-қыстау кезеңде Алтайдан Анадолияға ауған елдің тарихы маған жақын тақырып еді. Өйткені ғылымдағы ұстазым, академик Рымғали Нұрғали Халифа Алтай, Хасен Оралтай сияқты Түркия қазақтарынан шыққан зиялылармен жақын араласқан адам. Ұстазымның аузынан Халифа Алтай ақсақал туралы көп әңгіме естідім. Алтай қазақтарын қилы жолдар арқылы Түркияға бастап барған Қалибек хакімнің ұлы, жазушы Хасен Оралтай



аға Астанаға келгенде қоян-қолтық араласып, әңгімесін тындаудың да сәті түсіп еді. Кейін Алтайда Оспан батыр құрған мемлекеттің министрлерінің бірі болған Нұрғожай батырдың естелік кітабын тауып алып оқыдым. Оқыған сайын аза бойым қаза болып, әрі-сәрі күйге түсетінмін. Қорғаныс қазақтың тағдыры, сұраусыз кеткен қанша боздақтың өмірі көз алдымнан кинолентадай өтетін. Бұл оқиға қазақ тарихындағы өшпейтін қара дақтардың бірі деп едім.

Қазіргі Қытай еліндегі Алтай тауынан Такламакан шөлін басып, Гималай тауын асып Түркияға дейін атпен, түйемен аттанған көшке бозбала боп ілесіп, қанқұйлы тағдыр кешіп, барлық қияметті көзімен көрген Халифа Алтай бас кейіпкерінің бірі болған туынды сахнада шынайы оқиғаны суреттеген, реалистік бағытқа негізделген драмалық шығарма дер едім. Ең бастысы, қанша қиындық көріп, зұлмат жылдарды бастан өткерсе де жүз мыңдаған адамнан Анадолияға аман жеткен ат төбеліндей қазақтың адамдық қалпынан айнымай, тектілігін жоғалтпай, дәстүрі мен салт-санасын берік ұстанғанын қойылымда шеберлікпен жеткізілуі көрерменге ерекше әсер етеді. Тәуелсіз қазақ еліне ақсақал болып оралған Халифа Алтайдың образын Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамовтың сомдағаны ұтымды шыққан.

Өткен ғасырдың 50-60-жылдары Түркияны басқарған мемлекет қайраткері Аднан Мендерестің бас сауғалап барған қазақ бауырларына жасаған жақсылығы, әлемдегі барлық түркі жұртына пана болған Анадолия халқының кенпейіл мінезі де қойылымда жақсы көрініс тапқан. «Алтайдан ауған ел» спектаклі — жас ұрпақты отаншылдыққа баулитын, патриоттық рухқа тәрбиелейтін, туған жерді қадірлеуге шақыратын қойылым.

Спектакльдің режиссері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Фархат Молдағалидың, драматургиясын жазған талантты театртанушы Мираас Әбілдің, көркемдік жетекшілік жасаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбайдың, қойылым суретшісі Канат Мақсұтовтың еңбегі және қойылымдағы актерлік құрамның ойыны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын алуға әбден лайық.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
ақын, Жазушылар одағының мүшесі

Серікбол ХАСАН

Президент Қ.Тоқаев өткен екі жылды қатарынан «Балалар әдебиеті кітаптары жылы» етіп жариялады. Балалар әдебиеті жайында кеш те болса, бірсыпыра мәселе жедел қолға алынып, жүзеге асты. Бұл игілікті іс болды. Бірақ балалар әдебиеті — науқаншылықты көтермейтін, ұдайы назарда ұстауға тиісті руханият саласы! Неге?

Балалар әдебиеті — әрбір ұлтың, маңдайына басып ұстайтын әдебиеті болуға тиісті. Өйткені ол бүгінгі сәби, өспірім, жасөспірім, жас өркенді тәрбиелейтін, қала берді ертең өмірге келетін сәбилерді тіршілік сырына баптайтын, мәпелейтін рухани уыз. Осы тұрғыдан алғанда балалар әдебиеті болашақтың әдебиеті деуге болады. Болашақтың әдебиетіне еліміз, мемлекетіміздің ертеңі жарқын болсын деген әрбір азамат аса жауапкершілікпен қарауға тиісті. Бүгінгі жасөспірім қандай тәрбие көреді? Ертең қазақ қоғамының сондай перзентіне, сондай айтулы азамат, қажырлы еңбегін халқына арнайтын қайраткеріне айналады. Бүгін балалар әдебиетін қалай жасаймыз? Ертеңгі ұрпақ соны оқып, танып, біліп, соның рухында тәрбиеленеді. Демек, бүгін біз балалар әдебиетін жасай алсақ, қоғамның ертеңі дұрыс тәрбиемен қамтамасыз ете алғанымыз. Ертеңгі ұрпаққа бүгіннен рухани уыз қалыптастыра алмасақ, онда кеш қалғанымыз. Ертең кеш болады.

Қазақ балалар әдебиеті сыншысы Құлбек Ергөбектің Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Адамның бір қызығы бала деген...» кітабы осы арнадан келіп шығады, осы талаптарға жауап береді.

Құлбек Ергөбек — танымал әдебиет сыншысы. Әдебиет сыншысы болғанда да Құлбектің алдымен қазақ, қазақ қана емес күллі түрік жұртына танытқан балалар әдебиеті сыны деп ойлаймын. Ол қазақ балалар әдебиеті тағдырталығына аянбай араласып, табан аудармай еңбек етіп келе жатқалы қашан. Осы жарты ғасыр ішінде ол балалар әдебиеті қаламгерлерімен жақын араласты, сырласа жүріп олардың жазушылық лабораториясына енді. Балабақшаға Ә.Дүйсембиевпен бірге барып бүлдіршіндермен, мектепке бірде М.Әлімбаевпен, тағы бірде Б.Сокпақбаев, С.Омаровпен бірге барып, балалармен сырласты. Құлбекті кезінде Б.Сокпақбаев, С.Омаров, М.Әлімбаев «Балалар әдебиеті» кеңесіне — Жазушылар одағына тартты. «Менің атым Қожа» сияқты классикалық повест туындатқан тәкаппар талант Бердібек Сокпақбаев «СССР Жазушылар одағына» өту үшін Құлбекке кепілдеме берген. Мұзафар Әлімбаев «Детская литература» журналының редколлегиясына өз орнына Құлбекті ұсынғанын білеміз. Құлбектің журналдың бас редакторы, отаншылдық тақырыбының жазушысы С.Алексеевпен сұхбаты да «Жас Алашқа» осы бір орайлы сәттері туған. Одақтық «Детская литература» баспасы Құлбек Ергөбек пен Бекен Ыбырайымовқа «Қазақ балалар әдебиетінің очеркі» сын кітабын жазуды тапсырғаны да есте. Мұзафар Әлімбаев ағалық жасап «ТАЛАПТЫ. ТАЛАНТТЫ. ҚАНАТТЫ» атап «Ұлан» газетіне, «Жырға бергісіз сырлар», — деп «Егемен Қазақстан» газеті бетінде Құлбек жайында арнайы мақалалар жазды. Жазушылар одағында Балалар әдебиеті кеңесінің кеңесшілері Б.Мұқай мен К.Тоқаев қауырсын қанат жас бола тұра өте өршіл, талапшыл білімді жас сыншы Құлбекке сеніп «Әдеби жыл қорытындысында» жиі-жиі бала-

лар әдебиетінің жай-күйі жайында баяндама жасататын. Ағалардың алқалауы осылай қанаттандырып еді жас сыншыны.

Балалар әдебиеті — әдебиеттің қиын саласы. Классик сыншы В.Белинский: «Балалар жазушысы болып қалыптаспайды, балалар әдебиеті жазушысы болып туады» деген кезінде. Ойланып қараған адамға осында — балалар әдебиеті-



ТҮРКІСТАНДА ТУҒАН ТАҒДЫРЛЫ ТУЫНДЫ

нің бар қиындығы орын тепкен деуге болады. Жалпы, Алла Тағала талант бермесе, қандай да бір жазушы болып жолалы қалыптасу қиын екені рас. В.Белинскийге арқа сүйей сөйлеген сыншы «Алла талант берген күнде жазушы болу үшін адамға жүйелі білім, тоқтаусыз ізденіс, үзіліссіз машық, өзіне-өзі сын көзбен қарау деген секілді толып жатқан талап алдына тартылады. Әңгіме жалпы жазушылық туралы. Ал Алла Тағала арнайы бейімімен, айрықша мейіріммен жаратпаса, балаларға арнап шығарма жазу, балалар жазушысы болып қалыптасу мүмкін емес», — депті. Балалар әдебиеті сынымен айналысып, «шұғылданып» көрген біз де осы пікірге ден қоямыз.

Балалар жазушысы болып қалыптасу неге қиын? Нысанға алып, өмірінен шығарма жазатын кейіпкерін — сәби, өспірім, жас өркен болса, алдымен онда нендей өмірлік тәжірибе бар үлгі етіп көркем әдебиетке айналдырып, өзгеге айтар? Маршак айтқандай, бала мінезі қызық екен делік, К.Чуковский жинақтағандай тілі тәтті екен делік. Ондай ғажайып баланы табу қиын, тапқан соң түркелбетін тілімен сабақтастырып көркем образға айналдырып беру тіпті қиын. Ол шығарманы «оқитын» тағы да бесікте жатқан сылдырмақпен ойнайтын баладан бастап, өз бетінше кітапты өрең-өрең танитын сәби, өспірім дегендей. Олар қалай қабылдайды көркем әдебиетті? Оның үстіне, бәрін «шайнап» беретін теледидар түр әр бөлмеде. Міне, осындай жағдайда олардың көркемдік қабылдауына сәйкес жаза аламыз ба? Осында бала психологиясын тап басып ұстаудан бастап, оны асқан шеберлік машықпен көркем образға айналдырып, бала бойына сіңіріп беретін қаншама талап тартылады балалар жазушысы алдына?! Соны игерсең, бала сені жазушы райында қабылдайды, оны игермесең қабылдамайды. Балалар жазушысы болып қалыптасудың қиындығы осында!

Ал балалар әдебиетінің сыншысы болып қалыптасу ше? Балалар әдебиеті сыншысы болып қалыптасу одан да қиын. Құлбек Ергөбектің «Адамның бір қызығы бала деген...» сын кітабы балалар әдебиетінің сол қиындықтарын

игере, сыншы ретінде шеберлікті меңгере отырып жазылған әдебиет сын мақалалар жинағы.

Әр сыншының өз ерекшелігі болады. Құлбек балалар әдебиетінде ғалымнан гөрі шынайы, білгір сыншы дер едік. Бала психологиясы мен көркем әдебиеттің психологиясы арасын жалғай сөйлеу үшін ғалымдық пайым, білім, зерде керек. Құлбектің фольклор, этнография, психология ілімінен жиған, жинаған білімі осы орайда сыншылығын қосымша демеп қана отырады. Оны, әсіресе бүгінгі балалар әдебиетінің «Бесік жыры», «Такпак», «Өлең», «Жұмбақ» жанрларының генезисіне барып, поэтикалық құнарын ашуынан анық байқадық. Әдебиет сын кітабының бүгінгі балалар әдебиетінің жанрлық жүйесін анықтауда, ақындарымыздың фольклордан қалай үйренгенін анықтауда сыншының америкалық этнограф ғалымы Мидтін «Мәдениет және балалар әлемі», «Балалар этнографиясы» (сериялық еңбектер), түрік халықтары фольклористері еңбектеріне сүйене сөйлеуі жарасымды.

«Бесік жыры» қасиетті тақырып, өлмейтін, өшпейтін жанрлық үлгі ретінде бүгінгі балалар поэзиясында іздеуден бастайды. «Бесік жыры» поэтикасы жайында біз де жазғанбыз кезінде. Құлбек те басты тақырыптан бастапты. Өйткені балалар әдебиетінің пәні — баланың өзі өмірін сол қасиетті бесіктен бастайды. Олай болса, «Бесік жыры» — балалар әдебиеті үшін басты тақырып, мәңгілік жыр болуы керек. Сыншының байқап, бағамдауына қарағанда бүгінгі балалар ақындары «Бесік жырының» неше атасын түрлендіре туындатып-ақ жатыр екен. Жаңа «Бесік жырының» қандай жаңалығы бар? Дәстүрді жаңартып, жаңғырта алып отыр ма? Сыншы бүгінгі «Бесік жырын» түрік халықтары фольклорындағы «Бесік жыры» үлгілерімен салыстырады. Бүгінгі «Бесік жырын» балалар әдебиетінің бір атасы — Ыбырай Алтынсарин заманындағы әуендес жырмен салыстырады. Балалар әдебиетінің елеусіз классигі Өтебай Тұрманжановтың «Бесік жырымен» таразылап қарайды. Жаңа заман, жаңа уақытта қатар қанат қағып, қатар қалам тартқан поэтикалық үлгілерді ақындарды

(Ж.Смақов, Қ.Баянбаев, Ф.Оңғарсынова, К.Ыбыраев т.б.) өзара жарастырып, жарыстырып байқайды. Жанрлық жітілікті, тақырыптық жетелікті айнытпай анықтайды. (28-30 б.) Өзара салыстырулардан «Бесік жырының» қазақ поэзиясында мүлде жаңа сипат алып кеткенін көреміз. Жетістігі де жетерлік, кемшілігі де көп-ақ. Балаға арналған Баба жыр дерлік «Бесік жырының» жетістік-кемшілігін Алтай әдебиетіндегі «Көзі иаманға көргүспей, Кууни иаманға тийдиртпей» болып Май Ана (Ұмай.Б.С.) рухымен жырланатын жырдан бастап, қырғыз, өзбек, қарашай, құмық, татар, башқұрт әдебиетіндегі үлгілермен салыстырып саралайды. Аяғында бүгінде қазақ баласын бесікке салмайды, аналар «Бесік жырын» бала өуезбен, мейірман Ана әуенмен сәби санаға сіңірмейді деп мұңды нотамен аяқтайды.

Қазақ әдебиетінде бала психологиясын жете біліп, әр жастағы балаларға бағыттап шынайы шығарма жазатын бірсыпыра балалар жазушысы бар. Олар кім? Сыншының анықтауына, балалар әдебиетіне қойылар қиын талаптарды жене жүріп балалар жазушысы болып қалыптасқан қаламгерлер — Ө.Тұрманжанов, С.Омаров, Б.Сокпақбаев, М.Әлімбаев, Қ.Әбдіқадиров, Ә.Дүйсембиев, Ж.Смақов, М.Жаманбаев, Қ.Баянбаев, Ж.Кәрібозин, Н.Әлімқұлов, Т.Дәуренбеков, С.Әлімқұлов. Балалар әдебиетінің кәнігі сыншысы еңбектің бір бөлімінде аты аталған балалар әдебиеті өкілдерінің шығармашылық портретін жасайды. Қ.Ергөбек — шығармашылық портрет жасаудың шебері. Ол жасаған шығармашылық портреттің алды кезінде «Детская литература» (№7, 1982) журналына дейін жетіп, жарияланғаны да білеміз. Ол өзін балалар әдебиетіне абитуриент кезінен баулығын Әнуарбек Дүйсембиевтің портреті болатын. Кезінде осы мақаласы үшін қызығып қараған болатынбыз. Неге екенін, мақала Құлбектің жинағынан орын алмапты.

Балалар әдебиеті өкілдерінің шығармашылық портретін жасау оңай емес. Осы «оңай еместі» біліп тәуекел еткен сыншы әр ақын, әр жазушы әдеби мұрасына әр қырынан келеді. Ө.Тұрманжанов қазақ балалар әдебиетінің негізін

қалаушыдан саналады. «Ол — фольклор мен жазба әдебиеттің арасын жалғап жатқан алтын көпір» (Қ.Ергөбек). Демек, сыншы Ө.Тұрманжановтың тұлғалағанда ол мол тәжірибемен игерген фольклорлық туындыларды қандай шеберлікпен пайдаланып, тың дүние жасап бере білді? Міне, осыған көбірек назар аударады.

Б.Сокпақбаев шығармаларына барғанда жазушының мінез мүсіндеу ерекшелігіне зер салады. Ә.Дүйсембиев әдеби мұрасы жайында айтқанда, ақынның бала тілін қалай әдемі пайдалануы жайына назар аударады. Ж.Смақовтың «Ұйқасын тап», «Қайсысы өтірік, қайсысы шын?» секілді формалық ізденістерін қалай оңтайлы пайдаланатынын ашады.

М.Жаманбаев, Ж.Кәрібозиннің балалар әрекет, қимылын бағатынын, іс үстінде көрсететінін дұрыс байқаған.

Бір бөлім мақалалары — балалар әдебиеті жайында толайым толғаныстар. Б.Ыбырайым, Н.Ақышев, Б.Серікбаев, Қ.Ыбыраев, Қ.Құсайынов сынды бір буын жазушыларды шығармаларын балалар әдебиетінің ділгір мәселесіне байлап шолу, проблемалық мақала, жанрлық талдау мақалаларында тұлғалапты. «Жыл мен Жыр» — қазақ балалар әдебиетінің бір жылың барлау, бағамдау, талдау. Бұл — қазақ әдебиетінде бар құбылыс. Біз де Жазушылар одағында баяндама жасағанбыз. Бірнеше басыпаның балаларға арнап шығарған өнімдерін талдап, таразылау оңай іс емес. Қаншама кітап оқу керек? Оны өзіне дейінгі балаларға арналған туындылармен салыстырып, жаңалығын аршып ала білу керек. Сырты жаңа болып тұрып, ішкі мазмұны, айтары — ескі сұрлеу болса, оны ащы сынау керек. Осының баршасын сыншы бала психологиясы, оның көркемдік қабылдау мүмкіндігі және көркем шығарма, оны жазған жазушы шеберлігі тұрғысынан келіп ашады. «Жаңалық басы — дәстүрге адалдық» балалар әдебиетінде дәстүр қалай даму керек, бұрынғы сұрлеумен жүре береміз бе, бала психологиясына сыйымды, ойына сіңімді баяндау формасын қалай жаңартамыз? — деген секілді сұрақтар қойып, соның өзегімен прозалық бірсыпыра шығарманы талдайды. «Келешек пен берешек» тұрғысынан топтастырылған проблемалық мақалалар жинақтау шеберлігімен, талдау мөнерімен ерекшеленеді. Балалар әдебиетінің ділгір мәселесін көре білетін, көргенін буынынан ұстап көтере білетін — балалар әдебиетін жәнтөнімен сүйетін сыншыны табамыз. Мәселе қойғанда балалар әдебиеті табиғатынан туындатып, балалар әдебиеті талап етіп отырған мәселені дөп басады. Жаның рақат табады.

Құлбек Ергөбек — балалар әдебиетіне жастай араласып, жақсы қалыптасқан әдебиет сыншысы. Талантын алдындағы ағалары баптаған, талғамын өзінше қалыптаған Құлбек сын сөзін де өзінше саптаған, өзінше толғаған сыншы. Біздің бұрынғы бір мақаламызды «Құлбекше жаз, сыныңды!», — дейтініміз де сондықтан.

Бүгінде Жамбыл облысындағы Шу өңірін білмейтін адам кемде-кем. Оған себеп мұнда жылда мыңдаған гектар жерге табиғи жолмен есірткі шөбі өсіп, көлеңкелі бизнесті көздегендердің көз құртына айналып отыр. Заңсыз есірткі тасымалымен айналысатындарға құқық қорғау саласының қызметкерлері құрық салып жатқанымен, бұл бизнестің түп тамырына балта шабу мүмкін болмауда. Тіпті, кейінгі кездері қарасораны үй жағдайында өсіретіндердің саны артып, жығылғанға жұдырық болуда.



Саятхан САТЫЛҒАН

**6 АЙДА 1 ТОННА
800 КЕЛІ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ**

Облыстық Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, ағымдағы жылдың 6 айында 1 тонна 800 келіден астам есірткі тәркіленген екен. Былтырдың осы кезеңінде 1 тонна 500 келі есірткі саудасының жолы кесілген. Яғни, биыл тәркіленген есірткі көлемі артып отыр. Бұдан бөлек, 79,7 гектар жерге егілген 90 тонна 845 келі жабайы қарасора жойылған. Оның ішінде Байзақ ауданы бойынша 74 гектар жерден 11 тонна 570 келі, Шу ауданында 22 гектар жерден 32 тонна 150 келі, Жамбыл ауданында 1,8 гектар жерден 2 тонна 150 келі, Меркі ауданында 2 гектар жерден 1 тонна 675 келі және Т. Рысқұлов ауданында 46,5 гектар жерден 43 тонна 300 келі есірткі шөбі жойылып отыр.

Бұдан бөлек, қарасораны қолдан өсірген 9 плантацияның жұмысы тоқтатылған. Оның ең ірісі күні кеше Жамбыл ауданындағы 61 жасар тұрғынның бақшасынан 100 келіден асатын есірткі

ШУДЫҢ «ШУЛЫ» ШӨБІ

сыз әрекеттен бойын аулақ ұстар еді, — дейді қария.

Бұл ойға ардагер ұстаз Несіпхан Қоңырбаев та қосылады.

— Қарасора да табиғаттың төл тумасы. Сондықтан оған сананы улайтын есірткі

дасқан қылмыстық топтарды анықтауға және жолын кесуге бағытталған іс-шаралар одан әрі жалғасатын болады, — дейді облыстық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Әлім Бажықбаев.

Байқап тұрсаңыздар, өңірде жабайы қарасораны тасымалдаудан бөлек, оны үй жағдайында өсіру де белең алуда. Ал бұл құқық қорғау органдарының жұмысын қиындатып, қос бүйірден қысып тұрғаны анық.

**ҮШ ТӘСІЛДІҢ
ҚАЙСЫСЫ ТИІМДІ?**

Негізі, қарасора бұған дейін үш бағыт бойынша жойылып келген болатын.

Оның алғашқысы шабу болса, екіншісі — жерді аудару, ал үшінші бағыт — арнайы дәрі арқылы улау. Қарасораны дәрілеу 2020 жылы облысты басқарған Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен көтерілген. Сол тұста «Ураган Форте 4» дәрісі сынама ретінде 5 гектар жерге себілген. Алайда «қарасораның жапырағын сарғайтып, кейін тамырымен куратып жібереді» деген дәрі құнының қымбаттығы айтылып, одан кейін оның қоршаған ортаға зияндығы талқыға түсіп, соны «қарасора алқабын толықтай дәрілейміз» деген мәселе басылды. Жерді аудару жұмыстары да өз нәтижесін көрсеткен жоқ. Себебі аударылған жерден қарасора екі есе қалыңдықпен шығып, бас шайқатты. Бұны Меркі ауданы әкімінің орынбасары Мейірхан Өмірбеков те айтып, жыртылған жерден құрамында есірткісі бар шөптер керісінше қаулап түскенін нақты фактімен дәлелдеп көрсетті. Демек, қазір есірткі шөбін өртеу мемлекетке тиімді болып отыр. Одан басқа амал да болмауда.

**АУЫЛ АҚСАҚАЛДАРЫ
НЕ ДЕЙДІ?**

Алайда осы қарасораны кәдеге жарату мәселесін бірнеше жылдан бері көтеріп келе жатқан азаматтар бар. Шу ауданының құрметті ардагері Қазакбай Байжұманұлының айтуынша, қарасораны өртеп, жоюға тырысудан еш пайда жоқ екен.

— Тарих бетіне көз салсақ, қарасораны Кеңес үкіметі кезінде кендір қурай ретінде өсірген. Соғыс жылдарының тұсында одан совхоздар арқан жіп жасаған. Кейін 1959 жылдары Қытай мемлекетінен Шу ауданына ұйғырлар жер аударылып, олар осы шөптің есірткілік қасиетін тапқан. Оған дейін бірде-бір жан оны білмеген. Негізі, қарасора — жойылмайтын шөп. Жауапты органдар бұған дейін Шудың шөбін құрту үшін қандай амал қолданбады. Өртеді де, аударды да, улады да. Алайда қарасора келер жылы одан да көп болып қаптап шығуда. Рас, қарасораның шулықтар үшін тигізіп жатқан зияны орасан. Әсіресе, жастарымыз есірткіге еліріп, от басуда. Егер осы шөпті мемлекеттік деңгейде кәдеге жарату тетігі табылса, жастарымыз заң-

шөбі ғана емес, пайдаға жарату жағын да қарау керек. Бір жылдары биік мінберде отырған азаматтар қарасораны өңдейтін өндіріс орнын Шу ауданын ашу туралы бастама көтерген. Тіпті, өңірге арнайы мамандар келіп, қарасорадан 32 түрлі өнім шығаруға болатындығын дәлелдеген. Сол тұста бәріміз қуанып, «қарасораны медициналық бағытта пайдаланып, жаңа жұмыс орындары ашылатын болды» деп бөркімізді аспанға атқанбыз. Алайда сол жоба тек жоба күйі қалғаны өкінішті. Негізі, егер қарасораны өңдейтін зауыт ашсақ, Шудың шөбі 25 жылға шикізат ретінде жететіндігін ғалымдар дәлелдеп отыр. Енді тек батыл қадам мен жүйелі жоспар керек. Сонда қарасораны сағушылармен күреспей, керісінше шулықтар үшін заңды табыс көзін ашамыз. Әрі бұл аудан, облыс ғана емес, ел экономикасына үлкен қаржы әкеледі. Одан ешкім ұтылмасы анық, — дейді ардагер.

Жамбыл облысы



Тарих бетіне көз салсақ, қарасораны Кеңес үкіметі кезінде кендір қурай ретінде өсірген. Соғыс жылдарының тұсында одан совхоздар арқан жіп жасаған. Кейін 1959 жылдары Қытай мемлекетінен Шу ауданына ұйғырлар жер аударылып, олар осы шөптің есірткілік қасиетін тапқан.

шөбі тәркіленді. «Қарасора—2024» жедел профилактикалық шарасы барысында күдіктінің үйінің бақшасынан жалпы саны 1 520 түп көкнәр өсімдігі және 37 каннабис анықталған. Барлығы 100 келіден асатын есірткінің 54 келісі көкнәр болса, 53 келісі — марихуана.

— Ұсталған адам өз кінәсін толығымен мойындады. Жамбыл АПБ уақытша ұстау изоляторына камаққа алынды. «Қарасора—2024» іс-шарасы аясында есірткіні заңсыз өсіруге, транзиттеуге, алқаптарын және есірткі зертханасын жоюға, ұйым-

ТҮЙІН:

Иә, қариялардың сөзі орынсыз дей алмассың. Жылда қарасораны жоятын тың тәсіл іздеп алашапқын болғанша, неге оны кәдеге жарататын тетігін таппасқа? Бәлкім, биыл жанданып жатқан Солтүстік өңірдің пилоттық жобасының бір бағытын осы жаққа бағыттармыз. Жаңа жоба шаруашылық саласын несиелендіруді көздейтінін ойласақ, қаржысын қарап берсек, Шудың шөбін өндеуге ниетті кәсіпкерлер де табылар. Бұны айтып жатқанымыз, несиелендірудің алғашқы кезеңінде шулық бір кәсіпкер жүн, тері мен сүйекке дейін өңдейтін зауыт ашу жобасын ұсынды. Ол бұл жобаны Қытай мемлекетінің өндіріс орындарымен келісе отырып жасаған екен. Осылайша, қытайлықтар жүн, тері, тіпті сүйекке дейін өндеп, одан тыңайтқыш жасауды үйретуге ықылас білдіріп жатқанда, қарасораны да кәдеге жарататын бір жоба табылар. Тек қолынан іс келетін азаматтарға мүмкіндік берсек болғаны. Сонда жылда тәркіленген қарасора статистикасын түзбей, ел экономикасына түскен табысты санайтын боламыз.

Адамзат өркениетінің тарихы мен мәдениеті қиын да күрделі жолды басынан өткізіп келе жатыр. Осы жолда қаншама жаңалық ашылды, оның есесіне қаншама құндылықтар жойылды. Ескінің орнын ауыстырған жаңашылдық әрдайым өркениеттік сипатқа ие, бірақ уақыт өте кейбір ескі құндылықтар жанданып, қайта қалпына келіп, жаңа өркениеттік талапқа сай көркемделіп, жаңашылдық санатына ие болады. Бұл – өркениет заңдылығы. Дегенмен өркениет көші ілгерілеп, заман дамып, технология қарыштаған сайын адамзаттың алдағы күндерге деген сенімі артады немесе керісінше қорқынышы үдей түседі. Бұл да заңдылық. Жаңа заманның жаңалықтарына еліге түсіп, алдағы уақыттан тек жақсы үміт күтетіндерді «технооптимистер» десек, заман дамыған сайын адами құндылықтар құлдырай түседі деп пайымдайтын жандарды «технопессимистер» дейді ғылымда.



ЖАҢА ӨРКЕНИЕТ:

ҮМІТ пен КҮДІК

Наурызбек САРША

ТЕХНОПЕССИМИЗМ

Жалпы, жаһандану мәселелерін шешу жолдарын зерттеуде екі негізгі бағыт қалыптасты: технооптимизм, яғни жарқын болашақ бастау және технопессимизм, яғни қасіретті болашақ болжамы. Алғашқысына ғылыми техникалық революция жетістіктерін өндірісте пайдалану арқылы жетілген өмір, ғылым мен техниканың қарыштап дамуын негізге алған Дж.Гелбрайт, Р.Арон, Д.Бэлл, Ж.Фурасты, А.Тоффлер сынды ғалымдар болды. Дәл осы негізге қарсы көзқарас ұстанған Г.Маркузе, К.Лоренц, Д.Гудмен және т.б. ғалымдар адамдарды техника мен ғылымның құлына балап, болып жатқан түрлі экологиялық, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, саяси және т.б. дағдарыстарды ФТР нәтижесі деп көрсетті. Материалдық мәдениет пен руханилық арақатынасының көрсеткіші шпелтес өркениетті адамзат дамуының іспеті емес, керісінше, тығырыққа апаратын жол деп есептейтін Махатма Ганди өркениет әлемінде өмір сүретін адамдар өмірінің мәні мен физикалық игілікті мақсат етеді деген тұжырымға келеді. «Бұрын киім ретінде тері, ал қару ретінде найза қызмет ететін, ал қазір шалбар киіп, түрлі басқа киімдерді денені безендіру үшін киеді, найзаның орнына бес, тіпті одан да көп бытыралы тапанша қолданады. Бұрын Еуропада адамдар жерді қолмен өңдеген, кейіннен бу қозғағыштың көмегімен адамдар кең ауқымды жерді игеріп, көп байлық жинай алды. Мұны өркениеттің көрсеткіштері деп атайды. Бұрын азын-ауыз адамдар кітап жазатын, бірақ құнды болатын, ал қазір кез келген адам ойына келгенін жазып, адамдардың миларын уландырады. Бұрын адамдар бір-бірімен соғысқанда, күштеріне сенетін, ал қазір бір адам төбешік астында жатып зеңбірекпен мыңдаған адамның өмірін жоқ етеді. Бұл – өркениет. Бұрын адамдар ашық аспан астында қанша қаласа, сонша жұмыс істейтін болған, ал қазір мыңдаған жұмысшы тіршілік етуге нәпақа табу үшін фабрикалар мен шахталарда бірігіп жұмыс істейді. Олардың жағдайы жануарлардан да төмен. Олар өз өмірлерін тәуекелге тігіп, ең қатерлі жұмыстарды миллионерлер үшін істеуге мәжбүр. Осының барлығы – өркениет өлшемі. Бұл өркениет не адамгершілікті, не дінді қабылдамайды, тіпті кейбіреулері дінді ырымшылдықтың өнімі деп те есептейді. Мен өзімнің жиырма жылдық тәжірибемнің нәтижесінде адамгершілік астарында өнегесіздіктің дәріптелінетініне көзім жетті. Өркениет адамдар үшін ыңғайлылыққа қызыға ұмтылу, бірақ бақытқа емес, себебі мұнда ол маскара сәтсіздікке ұшыраған болар еді», – дейді ол.

Жаһанданудың ең басты техникалық құралы – ғаламтордың пайда болуы еді. Оның алғашқы даму баспалдағының өзі адамзаттың ақпараттық потенциалын айтарлықтай дамытып, әлемнің барлық бұрышындағы миллиардтаған адамдардың тең әрі оңай бірігуінің басты себебі болды. Интернет 1969 жылы АҚШ-тағы ARP Anet компьютерлік жүйесінде Қорғаныс министрлігінің компьютерлік орталығын біріктіруші және академиялық ұйымдар қатарында құрылды. Қазір кітап мұралары, кино қоры, музыкалық жазбалар жинағы және тағы да басқалардың электронизацияға ұмтылып, барлығы бір жүйеге біріктірілді. Басқаша айтқанда, интернет барша әлемді бірлік пен тұтастыққа ұстап тұрғандай. Бұл – әлемдік прогресс және техника жетістігі. Дегенмен бұл жүйе қоғамға жаңа мамандықтарды игеру қажеттілігін танытты. Осылайша, жаһандану ағымына ілескен қоғам үшін ескі мамандықтардың жаңа өмірге сабақтасуына байланысты жаңа мамандықтардың тууы, олардың қоғам дамуына, адамдардың өз мамандықтарына деген басқаша, жаңа көзқарастарын туғызуына алып келді. Мысалы, Рим Папасы Францискиннің «Интернет салауатты және ортақ қоғам құру үшін пайдаланылуы мүмкін. Әлеуметтік медиа қоғамның әл-ауқатына ықпал ете алады, бірақ ол жеке адамдар мен топтардың поляризациясы мен бөлінуіне әкелуі мүмкін» деген пікірін айтқан екен. Ал футуролог жазушы Ювал Ноа Харари «Автоматтандыру жақында миллиондаған жұмыс орындарын жояды. Әрине, олардың орнын жаңа мамандықтар алады, бірақ адамдардың қажетті дағдыларды тез меңгере алатыны әзірге белгісіз», – дейді.

Ғаламтордан бөлек, соңғы жылдары жасанды интеллект те өмірімізге еніп, айнымас бір бөлшегіне айналып үлгерді. Тіпті, кейінгі жылдары біраз саланың маманы осыған қатысты мазасыз күйге еніп жүргенін жасыра алмаймыз. Көп мамандарға жасанды интеллектің қарқыны мен мүмкіндіктеріне қарап «жұмыссыз қалмаймын ба?» деген қорқыныш тудырды. Міне, осы күй, жасанды интеллекттен қорқу – AI-мазасыздық

деп аталады екен. Олай болса, мазасыздықтың жаңа түрі туралы не білеміз?

AI-МАЗАСЫЗДЫҚ

Жасанды интеллект адамның орнына біраз нәрсе жасай алады. Тіпті, бір жұмыстың өзінің бірнеше нұсқасын аз уақытта дайындап бере қояды. Оның мүмкіндіктері тым көп. Әлемнің түрлі тілінде сөйлесіп, диалог құра алады, әнге сөз жазады, емтихан сұрақтарын талдап, тапсырма бере алады. Міне, осыншама мүмкіндіктерімен болашақта адамзат баласының жылдап үйренген дағдыларын, айлап үйренген білімдерін керексіз етіп тастамай ма? Міне, осы қорқынышты күйді кешкен жандар AI-мазасыздыққа ұшырайды. Мұны ағылшынша AI-anxiety деп атайды. Ол AI (жасанды интеллект) және anxiety (мазасыздық) деген екі сөзден құралған. Бұл терминді америкалық бір маркетинг агенттігі ойлап тапқан. Ақыры, әлеуметтік желіде қатты таралып кетеді. Бұл мазасыздық бірнеше фактордан тұрады. Оның ішінде бірнеше аспектіні ерекше атап өтсек. Әр адамда болатын мазасыздықтың базалық жеке деңгейі болады. Жасанды интеллект туралы онша білмейтіндер AI тақырыбына қорқа қарайды. Өйткені көп нәрсе белгісіз. Адамның қазіргі жай-күйіне де байланысты. Мысалы, дәл қазір өміріңізде күйзеліс деңгейі жоғары болса, онда жасанды интеллект араласқаны оған тіпті ауыр тиеді. Бойындағы үрейді, мазасыздықты бөлісетін адамы болмаса, онда уайым тіпті үдейді. Яғни, техникалық прогресті табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімді бұзатын дүние деп есептейтіндердің көзқарасы. Жалпы алғанда, технологияның кез келгені бастапқыда адамдарды үрейлендіреді. Бұл жерде бөріңде болатын иррационал ойлар жатады. Сонымен қатар сөзбен сипатталуы қиын, түсіндіре алмайтын қорқыныш та болады. Мысалы, видеолар пайда болғанда «енді жұрт кітап

оқымайды, театрға бармайды» деп шыққандар болған. Ұялы телефон туралы да түрлі алып-қашпа әңгіме көп. IT-технологиялар дамуына байланысты туындаған уайымды «компьютерлік мазасыздық», «компьютерфобия», «технокүйзеліс» деп атайды. Ол терминдер сонау 1980 жылдары пайда болған.

ТЕХНООПТИМИЗМ

Ғалымдар мен жазушылар, саясаткерлер айтқандай, жаһандану, жаңа заман технологиялары соншалықты қауіпті ме? Жок, мұның жақсы жақтарын тере білген, жаңа заманға жаңаша көзқараспен қарайтын технооптимистер де жетерлік екен. Мысалы, футуролог Рэй Курцвейл: «Жасанды интеллект – марстық бөгденің шабуылы емес, ол адамның тапқырлығының нәтижесі. Технологиялар ақыр соңында біздің денемізге және миымызға біріктіріліп, денсаулығымызға көмектесетініне сенемін. Мысалы, біз неокортексімізді бұлтпен байланыстырамыз, өзімізді ақылды етеміз және бұрын бізге белгісіз білімнің жаңа түрлерін жасаймыз. Бұл менің болашаққа деген көзқарасым, 2030 жылға дейінгі даму сценарийі. Біз машиналарды ақылдырақ етеміз және олар біздің мүмкіндіктерімізді кеңейтуге көмектеседі», – дейді. Ал америкалық физик-теоретик, ғылымды танымал етуші және футуролог Мичио Каку болса: «Технологияларды пайдаланудың қоғамға пайдасы әрқашан қауіптерден басым болады. Цифр-

лық трансформация заманауи капитализмнің қайшылықтарын жоюға, оның тиімсіздігін күресу, экономикадағы бизнес-процестерге де, өндіруші мен тұтынушы арасындағы тізбекке де нақты құн қоспайтын делдалдардың болуынан арылуға көмектесетініне сенімдімін», – дейді.

Осы ретте біз мәдениеттанушы Абылайхан Қалназаровтан аталған мәселеде пікір сұрадық. Оның айтуынша, жалпы технооптимизм мен технопессимизм ұғымы туралы түсініктер қазір қалыптасып болған. Тек соны қолдаушылар мен қарсы болғандар тобы ғана бар. «Технооптимизмге келер болсақ, ол дегеніміз – техниканы құдірет тұту. Яғни, барлық дүниеге технологияның көмегімен қол жеткіземіз, адамзаттың барлық мәселелерін (оның ішінде рухани мәселелерді де) техника шешеді деп санайтындар тобы. Ал технопессимистер тобы болса, бұған қарама-қарсы түсінікті ұстанады. Яғни, техниканы қатты дамытуға болмайды, бұл адам мүмкіндіктерін шектейді, технология дамыған сайын адамзат өз-өзін жоғалтады, рухани жұтандыққа ұшырайды деп санайтындар. Тіпті, осы техникаға арқасүйеушілік адамзаттың жойылуына әкеліп, апатқа ұшыратады деген де түсініктер бар. Бұл үрдіс бүгін ғана пайда болған жоқ. Оның тамыры сонау антикалық дәуірден басталады. Одан бергі заманаларда жаңа технологияның шығуына байланысты мазмұндары өзгеріп отырды. Ал біздің еліміздегі қазіргі ахуалда айтар болсақ, біздің елімізде технология қарыштап дамып кетпегенін баршасы біледі. Сондықтан одан қорқуға негіз жоқ. Қайта керісінше, бізге заманауи жаңа технологиялардың көптеп келгені дұрыс. Бұл бағытта жаңа мамандықтарға мамандар даярлауымыз қажет. Себебі осы арқылы дамымай жатқан салаларды дамытуға болады. Яғни, біздің қоғамда технооптимизмге жақын болғанымыз абзал», – дейді ол.

ТҮЙІН:

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2020 жылғы баяндамасында келесі жылы, яғни 2025 жылға қарай 85 миллион жұмыс орнын жасанды интеллект басады деген болжам жасалған еді. Дегенмен есесіне, 97 млн жаңа жұмыс орны пайда болады екен. Яғни, заман ағымына ілеспеген мамандықтар көштен қала берсе, технологияның қарыштауы – жаңа мамандықтарға сұраныс тудырады деген сөз. ECWID және X-Cart электрондық коммерция платформасының негізін қалаушы Руслан ФАЗЛИЕВ:

«Адамзаттың бүкіл тарихы – технооптимизм тарихы. Мен 40 жаста әлі де жас адам болып есептелуім технологияның арқасында мүмкін болды. Біздің қазіргі қарым-қатынасымыз да технологияның нәтижесі. Бүгін біз кез келген өнімді бір күнде, үйден шықпай-ақ ала аламыз – бұрын бұл туралы армандауға да батылымыз жетпеді, бірақ қазір технологиялар күн сайын жұмыс істеп, жетілдіріліп, уақыт ресурсын үнемдеп, бұрын-сонды болмаған таңдау мүмкіндігін беруде», – дейді. Яғни, өркениеттің жақсысын үйреніп, жаманынан жирене білген жағдайда ғана біз өз мүмкіндіктерімізді сан қырынан аша түсеміз деген сөз.

Қарағанды облысында қала, аудан, ауылдарға тарихи атаулары қайтарылып жатқанымен, әлі күнге дейін мәңгілікке кеткен Кеңес Одағы уақытында берілген Осакаровка, Приозерск, Красная поляна, Южный атаулары сол қалпында тұр. Ал бұдан екі жыл бұрын Осакаровка ауданының атауы Сарыбел деп өзгеріп, Астанаға бекітуге жіберілген болатын. Әзір ол жақтан хабар жоқ.



ЖЕР-СУДЫҢ АТЫ- Тарихтың хатты



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

— Бәрін бір күнде өзгертіп тастау мүмкін емес. Жұмыстар жүріп жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда «ономастика саласын тәртіпке келтіру керек» деді. Сол тапсырма негізінде арнайы Жол картасы әзірленді. Ономастика құжаттарына біршама өзгерістер енгізілді.

Тарихи тұлғалар тізімін толықтыру, елді мекендерге, көшелерге ат беру мәселесінде атқарылатын шаруа әлі де көп, — дейді Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Салтанат Әбеуова. «Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер мен олардың құрамдас бөліктерін қайта атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған» Жол картасына сәйкес Қарағанды облысында 2022 жылы: 2 әкімшілік-аумақтық бірлік, 64 көше атауы, 2023 жылы 8 әкімшілік-аумақтық бірлік, 97 көше атауы өзгертілген.

— Биыл қайта өзектендірілген Қарағанды облысының ономастика саласы бойынша 2024-2028 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес 8 елді мекен мен 98 құрамдас бөлік атауын қайта атау жоспарланып отыр. Қайта атау жоспарланып отырған елді мекендер Нұра, Бұқар жырау, Осакаровка, Абай аудандарына тиесілі. Ал жоспарланған 98 құрамдас

бөліктің 50-і — Қарағанды қаласында болса, қалған 48 облыс аумағындағы аудан, қалалардың көшелері. Әлі де болса идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар көптеп кездесетін Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран қалалары мен Бұқар жырау, Осакаровка аудандарындағы қайта атау мәселесі кезең-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асатын болады. Бұл жерлерде кез келген атау өзгерту жұмыстарын тұрғындар қолдай бермейді. Сол себепті тұрғындар арасындағы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жоспарлы түрде жүргізгеннен кейін ғана нақты шаралар іске асырылатын болады. Сонымен қатар қазіргі уақытта атауларды ауыстырар кезде арнайы Республикалық ономастика комиссиясы бекітетін өзектендірілген «Тарихи тұлғалар», «Жер-су атаулары» және «Дәстүрлі атаулар» тізімдері, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынады, — дейді Салтанат Мірәсілқызы.

Бір уақыттарда көше атауларына ауыл әкімінің әкесінің атаулары да берілген күндер болған еді. Ол енді қайталанбайды.

— Қазір елді мекендерге кісі есімін беру тоқтады. Көшелерге берілуі мүмкін, оның өзінде де тарихи тұлғалар тізімінде болуы шарт. Әр үш жыл сайын тарихи тұлғалар тізімі жанартылып отырады. Жалпы алғанда, бүгінгі күндегі тізімде 697 тұлға есімі бар. Оның 463-і — республикалық деңгейде, 234-і — өңірлік деңгейде ұлықталатын тұлғалар.

Көше атауларына осы тұлғалардың есімін ғана бере аламыз. Мысалы, білім басқармасынан мектепке атау беру керек деген ұсыныс түссе, біз оны «тарихи тұлғалар тізімінде бар ма?» деп қараймыз. Егер тізімде болса, ұсынылған адамның атын беруге болады. Біз соны қабылдап, республикалық ономастика комиссиясына ұсыныс жібереміз. Ал егер тарихи тұлғалар тізімінде болмаса, 2027 жылға дейін тосады. Сол уақытта тізімге енсе, атау беріледі, — деп толықтырды Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының кызметкері Гаухар Несіпханқызы.

Қазақ жері ұлы тұлғаларға бай болғандықтан кезек-кезегімен тізім құрылып отырады. Қай тарихи тұлғаға есімі көп берілгендігі туралы талдау жасалады. «Біз оны

қайталап бере бере бермейміз ғой. Мысалы, ұлы Абайдың есімі — біздің облыста ғана кітапхана, көше, даңғыл, мектепке 98 рет берілген екен. Сол сияқты Ыбырай Алтынсарин, Жамбыл Жабаев аты да кезінде көп дәріптелді. Тәттімбет, Қазыбек би аттары 5-10 рет қана берілген. Сондықтан осы жағында реттеп отырмыз», — дейді басқарма басшысы.

Әрине, ауыл атауы тектен-тек беріле салмайды. Оған зерделеу, мұқият тарихты шолып шығу керек.

— Тарихи топонимдерге ерекше көңіл аудару бүгінгі күнгі еліміздегі ономастикалық ізденістерге деген сұраныстан туындап отыр. Топонимикалық атаулардың пайда болу тарихын анықтау бір жағынан отандық тарихымызды танып-білуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан өлке тарихын да жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғызады. Географиялық атаулардың жиынтығын топонимия деп атайды. Кез келген елдің өткені мен бүгінгі сабақтастығы оның жер-су атаулары — топонимдері арқылы көрініс табады.

Жер-судың аты — тарихтың хаты. Топонимикалық атаулар тарихын зерттеп, олардың нақты кеңістіктегі орындарын анықтау ғылыми тұрғыдан алғанда жаңа дерек көздерін ашып, олармен жұмыс істеудің әдістерін жетілдіріп, тарихтың ақтандағын азайтуға тікелей септігі тиіеді. Бұл мәселенің маныздылығы — топонимикалық зерттеу, — дейді тарихшы, Қарағанды облыстық ғылыми техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы Темірғали Аршабеков.

Кезінде өз туыстарының атын беру белең алып кеткен болатын. Мәселе де осы кезде туындады. Әркім өз туғанына көше атын бергенін қалай бастады. Ол үрдіс аяқталды ма?

— Өйткені ол уақытта ономастика комиссиясы әр ауданда болды. Қазір аудандық ономастика комиссиясы жоқ. Қазір аудандарға қарасты ауылдардың, ауылдағы көшелердің атауын өзгерту облыстық комиссияда қаралады. Ал үлкен қалалар мен аудан атауы біз республикалық комиссиямен келісе отырып, солардың шешімімен жүзеге асырамыз, — дейді Гаухар Несіпханқызы.

Ал басқарма басшысының айтуынша, бүгінгі күні облыстық ономастика комиссиясының кейбір функцияларын республикалық ономастика комиссиясының құзырына беру туралы жұмыстар жүргізілген. Алдағы уақытта ауылдар мен елді мекендерге, көшелерге атау беру республикалық комиссия келісімімен жүзеге асырылатын болады. Жұмыс тобы мүшелері еліміздің белгілі институттарының

ғалымдарымен бірлесіп, сондай-ақ орталық мемлекеттік архив мекемесімен қолданыстағы тарихи тұлғалардың тізімін, жер-су атауларын жаңадан пысықтайды. Жұмыс тобы мүшелерінің тарапынан қолданыстағы тарихи тұлғалар тізімін өзектендіру барысында Кеңес дәуірі кезіндегі тарихи есімдер қайта қаралған.

Қарағанды облысында соңғы 10 жылда 28 елді мекен мен олардың құрамына кіретін 800-ден астам бөлімдер мен көшелердің, 76 мекеменің аты ауыстырылған. Дегенмен Қарағанды облысында атауы әлі өзгермеген аудан мен көшелер жеткілікті. Мысалы, 1940 жылы құрылған, аумағы 11,2 мың шаршы шақырымды алып жатқан, 31 мыңнан астам тұрғыны бар Осакаровка ауданы. Бұдан екі жыл бұрын Осакаровка ауданының атауы Сарыбел деп өзгеріп, Астанаға бекітуге жіберілген болатын. Әзір ол жақтан хабар жоқ.

Орталығы да Осакаровка деп аталады. Қарағанды қаласына қарасты Әлихан Бөкейхан ауданындағы Пришахтинск, Балқаш жақтағы Приозерск қаласы да осы қатарда.

Шет ауданына қарасты Красная Поляна ауылының да атауы екіұшты болып тұр. Өйткені ауылдың байырғы тұрғындары атаудың өзгергеніне қарсы.

«Айта кету керек, қазір Шет ауданы әкіміне, облыс әкіміне, бізге, яғни Тілдерді дамыту басқармасына ауыл тұрғындарынан хаттар келуде. Біреулері қарсы, енді бірі Деріпсалы батыр аты берілсе десе, үшіншісі Жәңгір төре ауылы дегенді құптаиды. Қазір қаралып жатыр. Комиссия мүшелері жұмыс істеуде. Тарихшылар, өлкетанушылар да бұл атаулардың қайсы дұрыс екенін анықтауда», — дейді Гаухар Несіпханқызы.

Жақында редакцияға оқырманымыз хабарласты. «Біздің кент қазір «Южный» аталады. Абай ауданына қарайды. Дегенмен біз елімізде жүргізіліп жатқан саясатқа байланысты, өз пікірімізді білдіргіміз келеді. Көрші ауылдардың көбі тарихи атауына ие болды. Бізде кент атауы «Көмен би» атымен аталғанын қалаймыз», — дейді Южный кентінің тұрғыны Сәрсенбек Мәжікенұлы.

Осы сауалды Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарма кызметкері Гаухар Несіпханқызына тапсырған едік. Берілген жауапты да қоса кеттік. «Әрине, ауылдың атауы бірден қойыла салмайды. Ол кісі кім? Көмен би деген атауы қандай қатысы бар? Осыны зерттеп, тарихи құжаттармен нақтылап, ауыл тұрғындары хат жазып, аудан әкіміне өтініш тастауы керек. Әзірге бұл кент атауы өзгереді деп айта алмаймын. Өйткені Қарағанды облысының ономастика саласы бойынша 2024-2028 жылдарға арналған Жол картасына енген».

Иә, 2014 жылдан бері облыс аумағында 28 елді мекен, 851 құрамдас бөліктің 76 мекенінің аты ауыстырылды. Жылдар бойы мызғымай тұрған Октябрь ауданына саяси көшбасшымыз Әлихан Бөкейханның есімі, Лениннің көшесіне Абайдың, Кривогуз көшесіне Қасымның есімі берілді. Қалған атаулар алдағы уақыт еншісінде.

Қарағанды облысы

Қарағанды облысында «АртСпорт» жобасын қаржыландыру жыл сайын ұлғаяда. Бағдарламаға сұраныс артып келеді, сондықтан биыл бастапқы қарастырылған сомаға қосымша қаражат бөлінді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

— Бағдарламаның мақсаты — 4 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды үйірмелер мен секцияларда тегін біліммен қамту. Егер 2021 жылы шығармашылық мемлекеттік тапсырысқа 200 млн теңгеден астам қаржы бөлінсе, қазіргі қаржыландыру 1,3 млрд

«АРТСПОРТ» ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

тенгеден асады, — дейді Қарағанды облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов.

Жыл өткен сайын бағдарламаға сұраныс артып келеді, сондықтан биыл бастапқы қарастырылған сомаға қосымша қаражат бөлінді. Бұл жыл соңына дейін 6 720 ваучерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

— Біз «АртСпорт» бағдарламасының қатысушыларының уайымын түсінеміз,

бірақ бірнеше рет айтылғандай: шығармашылық мемлекеттік тапсырысқа қосымша сома бөлінді, соның арқасында бала саны 800 адамға артты. Бағдарламаға сұранысты ескере отырып, келесі жылы бюджет мүмкіндіктеріне байланысты қаржыландыру мәселесі қаралатын болады, — дейді Еркебұлан Жұмакенов.

Қарағанды облысында балалар «АртСпорт» бағдарламасы бойынша шығармашылықпен және спортпен тегін айналысып

жатыр. 2021 жылы іске қосылғаннан бері оған бөлінген қаржы жыл сайын өсіп келеді. Биыл 3,6 млрд теңге бөлінді.

Облыста мемлекеттік спорттық тапсырыс саны та көбейді. Биыл бұл бағытқа 2,3 млрд теңге бөлінген. Қазір 61 қызмет көрсетуші бар, спорттың 23 түрі бойынша 206 секция жұмыс істейді. Қамтылған 10,6 мыңнан астам баланың бір жарым мыңға жуығы — ауылдық елді мекеннен.

«ГПЭС үшін майлау майлары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері және қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«ГПЭС үшін майлау майлары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГПЭС үшін майлау майлары» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 14, 2024-ші жылға жалпы сомасы 151 483 151,44 теңге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынуудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 05 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 05 тамызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о результатах открытого тендера, и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Масла смазочные для ГПЭС»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке товаров «Масла смазочные для ГПЭС» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Масла смазочные для ГПЭС» (Количество лотов — 14; общая сумма на 2024 год — 151 483 151,44 теңге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 05 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 05 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«DWDM деректерді жіберу жүйесіне арналған жабдық» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «DWDM деректерді жіберу жүйесіне арналған жабдық» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны — 1, жалпы сомасы — 286 860 502,52 теңге, ҚКС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынуудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 05 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 05 тамызда, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Оборудование для системы передачи данных DWDM»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Оборудование для системы передачи данных DWDM» (Количество лотов — 1; на общую сумму — 286 860 502,52 теңге без учета НДС).

Перечень оказываемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 05 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 05 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

Хабарландыру

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-ғ тармағы негізінде Университетке қарасты «№5 жатақхана ғимаратындағы қажетті 40 дана душ бөлмелеріне, жарамсызданған линолеумдарын және 70 дана ішкі-сыртқы жарамсызданған есіктерін ауыстыру үшін ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 45 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

- Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
 - Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
 - Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
 - Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
 - Құрылыс мердігері ҚКС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.
 - Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
 - Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражаттың төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт;
- Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.
- Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 02.08.2024 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

«NS Радиосы — Ұлттық желісі» Телерадиокомпаниясы» ЖШС жылжитын мүлікті сату бойынша ағылшын әдіспен аукцион өткізетіні туралы хабарлайды.

Аукцион 2024 жылғы 16 тамызда, сағат 15.00-де келесі мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-1» ықшамауданы, 36 үй. Ағылшын әдісі бойынша аукционға қойылатын жылжитын мүлік:

Лот№	Атауы	Маркасы	Шығарылған жылы	Бастапқы бағасы теңгемен	Кепілдік жарнасы теңгемен
1	Автокөлік құралы	Mitsubishi Pajero-IV 5-door	2008	3 365 393	504 809
2		Керуен	2003	798 998	119 850

Кепілдік жарнасы және аукционға қатысу үшін өтінім «NS Радиосы — Ұлттық желісі» ЖШС орналасқан жері бойынша 2024 жылдың 15 тамызына дейін қабылданады.

Төлем KZ866010131000024394, ЖСК, «Народный Банк Казахстана» АҚ, HSBKZKX БСК, 020540003382 БСН, 17 Кбе есепшотына аудару арқылы жасалады.

Қосымша ақпаратты және анықтамаларды жұмыс күндері 9.00-ден 17.00-ге дейін +7(727) 250-99-40 ішкі 220 немесе 223, ұялы +7 (702) 839 4746 телефондары бойынша алуға болады. Байланысатын тұлға: Игисинов Айдос Маратұлы.

«Ақпараттық қауіпсіздікке арналған БҚ» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Ақпараттық қауіпсіздікке арналған БҚ» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке товаров «ПО для информационной безопасности»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке товаров «ПО для информационной безопасности» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәкіров

«Күле білу — өмір, күлдіре білу — өнер, күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы


АРА



27.07.2024 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

БАЗАРДАҒЫ БОС ОРЫН



Соңғы кезде түсіме басшылар жиі кіретін болды. Шошып оянамын.

Емшіге барып едім. «Бұл — дефицит түс» деп жақсыға жорып отыр.

Өңімде өңменімнен отты көздерін алартып жүргендерден түсімде де құтыла алмадым. Менің жұмыр басыма кіріп алып білгендерін жасайды. Көрген түсімнен құтылайын деп түнде басымды жерге де соқтым. Түк нәтиже жоқ. Маған айтқандарын істепіп әлек. Осыдан он жыл бұрынғы «Барсақелместің базарындағы» көрген түстерім қайта оралды. Ол кезде базарда атақ пен абырой сататындар жайлап алған еді. Сол базардан шындық таба алмай ұйқыдан өкініп, өкіріп оянып едім. Бүгін көк көпшікке басым тиген бойда ұйқыға кеттім. Түсімде шеті көрінбейтін сол баыға базарда жүр екенмін. Төбесінде «Бос орындар» деп жазылған дүңгіршекке жақындадым.

Бір көзі бадырайған қара келіншек алдымнан шықты. Сатушы екен. Жүзі таныс. Бірақ мені танығысы келмей теріс қарап тұр. Сәлден кейін жуан мойны әрең бұрылды.

— Сәлеметсіз бе? Қандай кеңес керек?
— Бұл жерде не сатылады? — дедім.
— Бос орындар.
— Қалай сонда? — деп таңғалып жатырмын.
— Қызметтен кеткен және кетуге дайын тұрған адамдардың креслолары сатылады, — деді ол басын қайқандатып.

— Ойпырым-ай, әкімнің креслосы бар ма? — дедім бір жеріме қарамай.

Ол мырс етіп күліп жіберді.
— Сіз әкім болатын адамға ұқсамайсыз ғой.
— Енді кімге ұқсаймын?
— Білмеймін, басшы болатын адам мұндай болмайды, — деді ішек-сілесі қатып.

— Жарайды, бос орындар бар ма?
— Аудан мен ауыл әкімдері бар, келесі аптада мекеме басшылары да табылып қалады. Қазір қызметтен кетіп жатқандар көп.

— Мм, маған келетін қандай жұмыс бар?
— Мамандығыңыз қандай?
— Мәдениет институтының театр бөлімін бітірдім.
— Фуу...
— Сізге не болды?
— Өнер адамдарын көрсем жыным келеді, — деді сатушы.

— Олай деменіз, ұят болады. Қандай орын бар?
— Жакында театр директорының орны босайын деп тұр.

— Ол қанша тұрады?
— Тегін
— Неге?

— Сол, — деп әлгі келіншек дік ете қалды. Екі көзі аларып ұясынан шыға жаздады. Қасымызда карт кісі тұр еді. Ол былай деді:

— Ой балам-ай, мәдениет ошақтарының бейнеті көп. Шығармашылық адамдарын бағалап жатқан кім бар? Мұндай енбегі еленбейтін орындар босқа беріледі — деді мұнайып. Ұйқыдан оянып кеттім. Япыр-ай, осы менің түсіме кірмейтін пәле жоқ...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

ӘЛСІЗДЕРДІ

КЕНТАУЛЫҚТАРША АППЕШТЕУ

Қоғамда тағдырдың теперішін тартып жүрген жаны жабырқаулы жандар онсыз да аз емес. Оларға барлық жағдайды жасау, табанынан тік тұрып кетуі үшін қолтығынан демеу саналы азаматтардың басты борышы болса керек. Алайда сұғанақтыққа салынып, салы суға кетіп жүрген жандардың табағына кол салатындар қоғамымызда әлі де бар екен.

Түркістан облыстық прокуратурасы Кентау қаласындағы арнайы кәсіптік колледжін тексеріп кеп жібергенде 80 ерекше баланың құқығы өрескел бұзылғанын анықтады.

Аталмыш колледж мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған еліміздегі жалғыз оқу орны. Прокурорлық тексеру кезінде колледж басшылығы ұзақ уақыт бойы заңнама талаптарын орындамай келгені әшкереленген. Бастысы, ерекше студенттерді мемлекеттік қызметтермен тиісінше қамтамасыз етпеген. Оқытушылардың бірақтары біліктілік талаптарына сай келмейді. Содан да білім сапасы өз дәрежесінде емес.

Мұнда санитарлық жағдай да сын көтермейді. Өртке қарсы шаралар толық сақталмаған. Ал мүгедектігі бар жастар жазатайым өрт шыға қалса, қалай қорғанбақ? Онсыз да жүріп-тұруы қиын балалар қиындықта қалмай ма? Сонда колледж басшылығы ай қарап жүр ме?

Сірә, колледж басшылары «мүмкіндігі шектеулі балаларға осы да жарай береді» деп санайтын болса керек, мерзімі өткен азық-түліктерді беріп келген. Ал онсыз да ауру-сырқаулы жастар осы азық-түліктен уланып қалса қайтеді? «Ауру балалар ғой, іштері өтіп кеткен шығар» деп бар кінәні студенттерге артып қойып, жазадан құтылып кетпек пе? Жалпы, онсыз да ауру балаларға мерзімі өтіп кеткен тамақты берудің астарында не жатыр? Бәлкім, бұл азықтар қоймаларда бостан-бос жатқандықтан, колледжге тегін берілген

шығар? «Пәлен сомаға азық-түлік алдық» деп есепшілер құжат дайындап қоймады ма екен? Мұны енді індетіп іздеген прокуратура құзырына қалдырайық.

Жаны ашымастықтың тағы бір көрінісі, мұнда ерекше студенттерге мерзімі өткен медициналық препараттар қолданылып келген. Япыр-ай, мал екеш малға да мерзімі өткен дәрі қолданылмайды ғой. Сонда бұлардыкі не? Айтуға ауыз бармайды, «онсыз да мүмкіндігі шектеулі жастар ғой» деп көзді жұма қараудың астарында не жатыр?

Сонымен қатар медициналық қарсы көрсетілімдері бар талапкерлерді оқуға қабылдау оқиғалары да кездеседі. «Осыны білетұра, Түркістан облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшылары тиісті шаралар қабылдамаған», — дейді облыстық прокуратура қызметкерлері.

Бұл облыстық прокуратураның анықтаған кемшіліктері. Әлсіздерді кентаулықтарша жарылқаудың соны немен бітер екен?

С. ТАЙЛАНБАЙТЕГІ



«Арам шөптер»

«Қоянның қондысы бар, тырығы бар»
Демекші шөптің де
Кермегі бар, шырыны бар.
Біз мәдени өсімдікке соқпаймыз.
Алабұта сияқты албасты
Арам шөптерге тоқтаймыз.
Шырмауықта опа болмайды,
Түп тамырымен ота ондайды.
Әйтпесеніз қырғын қылады,
Қоңсысын кенірдектен қылғындырады.
Итсигекті де шөп дейді,
Көктем, жазда көктейді.
Жантақтың түсі көк болады,
Тікенегі көп болады.

Синоптиктер хабарлайды

— Кеше ауа райы былай болды:
Жанбыр жауып жер-жаһан лай болды.
Бүгін де селдетуі ықтимал,
Соңынан желдетуі ықтимал.
Ал ертен
Түйелеріңіздің жүгі аумайды. Себебі жаңбыр
Не жауады, не жаумайды.

Бүгінгі сатира

БОЛМАЙДЫ!



Тісім түні бойы зар илетіп, күн шықпай стоматологқа қарай құйындай ұйытқып, зымырап бара жатыр едім, алдымнан сайтандай сап етіп біреу шыға келгені. Сасып қалдым. Жылдамдығым зымыран болған соң, «тежегішімді» жалма-жан басып қалдым.

– Кімсің? – деді қарсы кезіккен едірендеген біреу.
– Адаммын!
– Адам екенінді көріп тұрмын. Жау қуғандай таңертеңнен төсегіңде түлен түрткендей қайда асығып барасың?
– Тісім!
Дауысым іріп шықты. Ауыз ашуға тісім құрғыр мүмкіндік берер емес.
– Міне, гәп қайда? Әй, мынау тісінің арасынан сыздықтатып сөйлеп тұр ғой. Демек, бұл насыбай атып алған, – деп тұжырым жасады әлгі.

Сөйткенше болған жоқ, ол ысқырып қалды. Көзі бағжаң-бағжаң еткен екі адам жүгіріп келді. Үңіліп қарасам, бұлар учаскелік полиция инспекторлары екен. Екеуі қолымды артыма қайырып, біреуі езуіме сұқ саусағын тығып жіберді. Саусағы түні бойы зар қасқатқан тісіме дөп тиер ме, құлындаған дауысым жаһанға кетті. Жабылғандар сонда да жабысқандарын қоймады. Баяғыда бір долы жеңгеміз абысындарымен жұлысқанда «езуінді жырып жіберейін бе?» деп едірендеуші еді. «Езуді де жырып жіберуге болады екен-ау» деп қорқушы едім. Мыналар сол жеңешемнің сортынан болып шықты. Езуімді қақ айырып, тісімнің арасынан бір түйір мақта алып шықты. Оны келіншегім дәрі тамызып, қақсағаны шамалы да болса қойсын деп тісімнің арасына қыстырып берген болатын.

– Міне, айғақ! Қоғамдық орында насыбай атқан. Біз болмағанда бір жерге түкіріп кететін еді. Мұны енді бөлімге алып барып, көзін көкшитіп, айыппұл салуымыз керек. Қоғамдық орында түкіруге, насыбай атуға болмайды! – деді жаңағылардың бірі.

Қасындағыларды «жау қайда?» деп жанығып тұрған жаналғыштар ма деп қалдым, қиналғаным қарамастан сүйрей жөнелді. Бөлімге келген соң олар тіпті өршеленіп кетті.

– Он бес тәулікке қаматып тастайын ба? – деп көзі шарасынан шыққан біреуі төбемнен төніп тұр.

– Не үшін қамайсындар? Не жаздым? Мені дереу босатыңыздар. Тісімді жұлдыруым керек, – деп Құдайдың зарын қылдым.

Тыңдайтын құлақ көрінбейді.
– Мен-ақ жұлып тастайын мұндай харам тісті, – деп біреу кемпірауыз алып келді.

Жүрегім атқақтап, талып қалдым. Көзімді ашсам, біреу бетімді желіліп тұр екен. «Е, мұнда да таза ниетті жан бар екен ғой!» деп қуанып қалдым. Бекер қуаныппын. Мынауы бұрынғылардан да өткен сорақы екен.

– Мынаны наркодиспансерге алып барындар. Бұл нағыз наркоманның өзі болуы

керек, – деп жандайшаптарына жөн сілтеді.

Екі полицей мені көлікке отырғызып, наркодиспансерге алып келді. Олар білегімнен жіңішкесі құрып қалғандай, үлкен инемен қан алды.

– Анализі екі күннен соң шығады. Оған дейін сіздерде қонақ бола тұрсын, – деді дәрігер.

Ойбай-ау, екі күнге қалай шыдаймын? Жынданып кетпесем болар еді. Бөлімге барған соң да мені жағалылар Әнқұр-Мүңкірдей ұзақ тергеді. Ақыры үйге қайтарды-ау. Бірақ бір шартпен. Мен ине салдырушылар қатарынан екенмін. Диагнозым шыққанша қашып кетпей, күн сайын полицияға есеп беруім керек. Амал нешік, күштілерім сөз айтқан соң шыбындап бас ізуге тура келді.

Құтылғаным қуанып тұра қаштым. Аяғым-аяғымға тимей безіп келемін. Тісім қақсап қоймаған соң амалсыз бір жерге келіп, жағымды ұстап тұр едім, алдымнан әлекедей жалмандап екі адам шыға келді.

– Сен неге жерге түкіресің? – деді бірі әй-шай жоқ жетіп келіп.

– Түкіргенім жоқ.
– Өтірік айтпа. Былш еткіздің.

– Қашан?
– Мынауың бізді ақымақ көреді ме?

Бәріміз көріп келеміз ғой. Көпшілік орында түкіруге болмайды!

Әлгілердің бірі ішімнен ыңқ еткізіп бір тепті. Бүк түстім.

Мұны полиция бөліміне жеткізіндер, – деді бұжыр қарасы.

– Мен қазір ғана сол жерден шықтым, – дедім олардың аяушылық сезімі ояна ма деп.

– Міне-міне! Тергеуден шыға сала тағы да тұтылып отыр. Бұл кәдімгі қылмыскердің нағыз өзі болды. Жібермендер мұны!

Мойнымды қылтитып тағы да полиция бөлімшесіне әкелді. Бұл жерден қоғамдық орында түкіргенім үшін он мың теңге айыппұл төлеп құтылдым. «Бұл бәлекеттен де азат болдым» деп өз-өзіме сөйлеп келе жатыр едім, бір бағанаға барып соқтыққаным. Басымды көтерсем, жағалы! Шошып кеттім.

– Кімді боқтап келе жатырсың? – деді ол дүңк етіп.

– Ешкімді.
– Жоқ, сен өтірік айтпа. Өз құлағыммен естідім ғой. Биліктен бастап бәріміздің жеті атамыздан түк қалдырмадың ғой. Білесің бе, қоғамдық орында біреудің артына тиюге, біреуді көзің бақырайтып қойып боқтауға болмайды!

– Кешіріңіз! Кешіріңізші мені!
– Боқтап алып, тағы да кешірім сұрайды. Неткен арсыз адамсыз.

– Иә, мен арсызбын!
– Онда он мың теңге айыппұл төле.

– Мұндай ақша менде қайдан болсын?
Жаңа ғана әріптестеріңіздің бірі алып қалған.

Kaspi Gold-на салып бергем.

– Сен бізді ақымақ көрме. Қане, телефонды көрсетші.

– Міне!
Телефонымның түкпірінде қырық теңге калыпты. Жанымдағылар жалмауыз көргендей шошынып шыға келді.

– Сені бөлімге апармасак болмайды-ау.

– Әкетайлар, жіберіңіздерші. Үйде қатынымда теңге бар. Содан алып берейін, – дедім амалсыз.

– Е, бұл жөн әңгіме. Үйің қайда еді?
– Мына жерде. Алыс емес.

Екеуі ит сияқты сүмендеп соңымнан еріп келді. Аулаға кіре беріп ем, Құтжолым арс етіп алдымнан шықты.

– Туыстарыңды ертіп келдім. Осылардан-ақ көресіні көрдім, – деп арсалаңдап келген итімді бір тептім.

– Неткен жауыздық! Жан-жануарларды қорғайтын заң бар. Итті тебуге, қорлауға болмайды! Заң бойынша отыз мың теңге төлейсіз. Болмаса абақтыға апарып, жауып тастаймын, – деп ақиланды шекпендінің бірі.

Зәрем ұшты. Үйге зып беріп кіріп, қатынымнан тығып жүрген қырық мың теңгені шекпенділерге санап бердім. Екеуі «бұдан былай қолымызға түспеніз» деп жымнып күлді. Олардың неге күлгендерін біле алмадым.

Қасыма бажылдап қатыным келді.

– Тісімді жұлдырдың ба?
– Ж-ұ-л-д-ы-р-д-ы-м-...

– Немене сақау болып қалғанбысың?
– М-а-қ-а-у-м-ы-н-...

– Расында, Құдай тас төбемнен атқан екен.

Иә, Құдай тас төбесінен туралап атпаса, ай мен күннің аманында елу мың теңгемнен айырылармын ба?

Құдуанда! Тайталаспен жүргенде тісімнің қақсағаны басылып қалыпты. Шайымды іштім де жұмысқа тарттым. Келсем, ұжымдағылар Сұлтанның туған күнін тойлап жатыр екен. Дастарқан жайнап тұр.

Самаурын қайнап тұр. «Туған күнің құтты болсын!», – деп кесені енді ала бергенде бір топ жағалылар кіріп келді. Шайыма қақалып қала жаздадым.

– Кеңседе туған күн атап өтуге болмайды деген нұсқау бар. Сіздер тәртіп бұздыңыздар. Еше арақ ішіп отырсыздар. Шеттеріңізден айыппұл төлейсіздер. Әйтпесе, әкімдеріңізге хабарлап, қызметтік мәселелеріңізді қаратамыз. Бұлай өтуге болмайды, – деп бірі дүрсе коя берді.

Жым болдық. «Пәледен машайық қашыпты». Қолдарына бірдене қыстырып, шығарып салдық, әйтеуір.

«Қой, бүйтіп күн сайын айыппұл төлегенше, айдалаға барып тұрайын» деген шешімге келдім. Үйімді қағынған біреу арзан бағаға сатып алды. Ит байласа тұрмайтын Бетбақдаланың бір түкпіріне келіп, киіз үй тігіп орнықтым. Ауыл адамдарынан сатып алған бес-он тұяқты өргізіп, жайылым жайын

көрейін деп үйден ұзап шыққаным сол еді, алдымнан пәкене бойлы біреу шыға келді.

– Болмайды! – деді ол жаныма жетіп келіп.

– Не болмайды?

Ол шүлдір-шүлдір етті. Түсінбедім. Қай тілде сөйлеп тұр өзі? Түріне қарасам, моңғол не бұйраг сияқты. Бір кезде ол қолындағы рациясымен міңгірлеп біреуді шақырды. Көшіп-қонып жүріп байқамаппын, алдымда шағын бір қалашық тұр. Содан шыққан бір қыз келіп, тілмаштық жасай бастады. Өзі сұлу екен. Қалада талай ажарлыны жолықтырдық қой, бірақ айдалада, құла түзде кездестіргендіктен бе, бойжеткен маған хор қызындай көрінді.

– Аға! Бұл жерді Қытайлар сатып алған. Уран өндіреді. Мұнда мал жаюға болмайды. Тез кері көшіп кетіңіз, – деді тілмаш қыз.

Талып қала жаздадым. Есімді жиып:

– Менің енді барар жер, басар тауым қалмады. Басқа елге барып, барқақар таппаспын. Қытай дамыған ел дейді ғой. Мені Айға апарып тастасыншы, – деп жер бауырлап отыра кеттім.

– Болмайды! – деді қытай тілмаш қыздың аудармасынан соң іле түрі бұзылып.

Бұл сабазың қазақтың ең құнарлы сөздерінің ішінен тек «болмайды» дегенді ғана жаттап алыпты. Болмай қалғыр, менің соңғы өтінішімді де орындамай тастар ма екен? Осы ойымды оқып қойғандай-ақ тілмаш қарақөз қарындасым:

– Болмайды! Бұлар Айдан да жер алып қойған. Сізді Айға аттандыра алмайды. Өйткені ерте барса иемденіп, бауыр басып қалады деп қорқып отыр, – деді.

Қаным басыма шапты. Есімді бір жисам «Болмайды! Болмайды! Болмайды!» деп шабынып келе жатыр екенмін...

С.ОЛЖАБАЙ

КҮЛКІ КЕРУЕНІ
ЖАТЫНАТАР ЖАҚЫТТАПШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шыққаннан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Үйна-түйна,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Тұп-тұз.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұтымды!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуі» дейді.

Табаныман
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Былбырық боп,
Түбі күйді.
Бігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.



Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының басталуына 42 күн қалды. Аталмыш ойында сынға түсетін көшпелі ұлттың ержүрек ұландары қазір қызу дайындық үстінде. Дүбірлі дода да бәсекеге түсушілер қазақтың ұлттық спорт түріне айналған ойындар бойынша да бақ сынайды. Соның бірі – құсбегілік, ұлт бойындағы ұлы өнер. Алда болатын үлкен жарысқа қатысатын үш құсбегі ішінде атыраулық Арман Қошқаров та бар.

Арман ҚОШҚАРОВ,
құсбегі, V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының қатысушысы.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ол мұндай атаулы жарысқа бірінші рет қатысып отырған жоқ. Осыдан бұрын 2014 жылы Қырғызстандағы алғаш рет өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойынында да бақ сынаған. Айтуынша, қазақстандықтар бұл туралы кеш естіп, дайындықтың аздығынан үшінші орынға ие болыпты. Қырғызстаннан кейін Түркияда өткен ойында құсты тасымалдау әжептәуір қиындық тудыратыны үшін, ойыннан құсбегілік алып тасталды. Ал алда болатын ауқымды спорттық шараға қатысу үшін құсбегілер арасында іріктеу турнирі, Қазақстан чемпионаты өткен. Осы іріктеулерден еліміз бойынша үш құсбегі V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысуға жолдама алды: ШҚО құсбегісі, астаналық құсбегі және атыраулық Арман Қошқаров.

– Бүркіт баптап, құс салу еліктеушіліктен пайда болды дей алмаймын. Әкем – құсбегі. «Әке көрген оқ жонар» дегендей-ақ құсбегілік маған атадан балаға мирас болып қалған. Бала күнімнен құс көріп өскеннен

ҚҰСБЕГІ ӘМБЕБАП БОЛУЫ КЕРЕК

– Қазір құсбегілік әлдеқайда дамыды. Мысалы, әкемнің өзі қатысқан жарыстар мен қазіргі болып жатқан жарыстарды салыстырып қараймын. Құсбегілер үшін құсты «қолға шақыру» жарысы бар. Бұл жерде құсбегі атына отырып, биікке шығады да, төменнен бүркітін шақырады. Әкемнің кезінде осылай құсты қолға шақыру шамамен 200 метр қашықта жүзеге асырылған. Ал қазіргі ереже бойынша 500-700 метр арақашықтан шақырамыз. Одан кейін «еркін ұшыру» деген бар. Бұл – Көшпенділер ойынындағы екінші сайыс. Ереже бойынша бүркітті қолдан ұшырып жібергеннен кейін, ол біраз айналып өз қолына келіп қонуы керек, – деп түсіндірді А.Қошқаров.

бұл түрі биылғы Көшпенділер ойынына қосылмады.

– Өйткені дүбірлі додаға шетелдіктер де келеді. Сондықтан мұндай ережелер олардың ойын талаптарына сай келмеуі әбден мүмкін. Білуімше, биылғы ойында еркін ұшыру бола ма, жоқ па. Бірақ қолға шақыру шырғамен бітеді деп жатыр. Жарысқа дейін Көкшетауда бір айға жуық дайындаламыз да, бірден Көшпенділер ойынына қатысамыз. Жалпы, ойынға қосылмаған шырға байлаудан Қазақстан ішінде турнирлер өтіп тұрады. Ол кезде шырға қағып түсіргеннен кейін бүркітті қоянға, түлкіге саламыз. Финалдан кейін шибөріге немесе қасқырға саламыз. Енді мұны Көшпенділер ойынынан алып тастағаны өкінішті, – деді құсбегі.

Құсбегілікке бірі өнер деп қараса, енді бірі оны спорт түріне жатқызады. Ал Арман Қошқаров «Құсбегілік өнер болса да, оған нағыз ұлттық спорт түрі деп қарағанымыз тиімдірек» дейді. Өйткені спорт түріне кіргізу арқылы оны дамыту әлдеқайда оңайырақ. Спорт бар жерде бәсеке болады, ал бәсеке болған сайын оған қызығушылар қатары да көбейіп, құсбегілік кең танымалдылыққа ие болатынын да негізге алды.

– Құс салу тек қазақтың бойында бар өнер емес, ол барлық көшпенді халыққа тән. Көршілес Қырғыз елі, Қытайдың, Моңғолияның қазақтары бүркітті көп ұстайды. Менің ойымша көшпенділердің құс баптаудағы ең ептілік қазақтың бойында бар сияқты. Біз бағзыдан бері бұл өнермен айналысып келеміз. Енді мұның бір дәлелі ретінде мынаны айтайын: Атыраудағы Сарайшықта сарматтар заманында бүркіттің қаңқасы мен батырдың сүйектері табылған. Шетелдіктердің танғалатыны бар. «Ата-бабаларыңыздың даналығы сонша, аспанда ұшып жүрген құсты қолға үйретіп, өзіне қызмет істетіп қойған» дейді. Одан кейін қазақ-қырғыз арасында бүркіттердің жарысы болғаны, бір-біріне сыйлағаны

туралы жырлар бар. Тіпті, бір бүркітке бір үйір жылқысын, қызын берген жайттар жыр-дастандарда кездеседі. Қырғыздар біз туралы тарихты жақсы біледі «Қазақ ағайындар бүркітті бұрыннан ұстаған» деп айтып жатады, – деді Арман.

«Бүркітші ең алдымен спортшы да болуы керек» дегенді алға тартқан Арман құсбегілікке оқушыларды да баулып жүр. Дала қыранының қолға үйренуі ұзақ уақытты қажет етеді. Оған дейін қолға қонбай, ұшып кеткен бүркітті іздеу, оны бір тәртіпке үйрету балаларға қызық. Құсбегіліктің алғашқы сабақтары баланың атында еркін отыруға үйретуден басталады. Өйткені құсбегінің ең жақын серіктері – ағ, ит және бүркіт. Бала атына үстінен еңкейіп жердегі қамшысын алу деңгейіне жеткеннен кейін ғана қолына бүркітті ұстатады. Балаларға жаттығу уақыты 2-3 сағаттан аспайды. Құсбегілік – бірнеше спорт ойынын түйістіретін үлкен жүйе. Мысалы, көкпардағы серкені алып, шеңберге тастаудағы ептілік пен теңге ілуде атына ұстап еңкею құсбегі үшін маңызды элементтің бірі.

– Құсбегілерге қойылатын басты талаптың бірі – табиғатпен үндестікті сақтап, тілін түсіну керек. Өйткені бүркіт желдің

бағытына қарсы, жерге бір қырын ұшады. Бірақ құсты желдің бағытымен күтіп алған жөн. «Ұшқанда қанат керек, қонғанда құйрық керек» деген қазақтың әдемі тәмсілі бар емес пе. Егер ұшып келген құс желге қарсы қонып қалса немесе жел арттан соғатын болса, бүркіт қонғанда құйрығы көтеріледі, содан аударылып құлауы мүмкін, – деп тәжірибесімен бөлісті.

Айта кетейік, V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына 21 спорт түрінен 85-тен астам ел қатысады. Түркі жұрты көз тіккен дүбірлі ойын – ұлттық рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға ата-бабаларымыздың мұрасы мен мәдениетіміздің ең құнды бөлігі болып келе жатқан ұлттық ойындарымызды насихаттауда таптырмас амал.



Құсбегілер үшін құсты «қолға шақыру» жарысы бар. Бұл жерде құсбегі атына отырып, биікке шығады да, төменнен бүркітін шақырады. Әкемнің кезінде осылай құсты қолға шақыру шамамен 200 метр қашықта жүзеге асырылған. Ал қазіргі ереже бойынша 500-700 метр арақашықтан шақырамыз.



кейін қызығушылығым еш уақытта сөнбеді. Әкем бірінші қаршыға алып берді де, жасым өскен сайын бүркітке үйретті. Құсбегілік – қазақтың әрқайсысының қанында бар нәрсе. Сондықтан үйренем деушілер бұл спортты тез меңгереді деп ойлаймын, – дейді ол.

Құсбегі Арманның айтуынша, құс баптау өнері жыл сайын дамып келеді әрі құсбегілер арасындағы жарыстарға да елеулі өзгерістер еніп жатыр. Бұл туралы Арман Қошқаров кеңінен айтып, алда болатын Көшпенділер ойынының талаптары мен бірқатар өзгерісі жайында сөз қозғады.

Құсбегілер арасында ойнатылатын үшінші сайыс – шырға тарту. Ат үстінде отырған жігіт ұзындығы 20 метрдей жіпке түлкінің терісін байлайды. Ол шырға деп аталады. Сол шырғаны ұстап қатты шабады. Шауып бара жатқан кезде құсбегі қолда тұрған бүркітін шырғаға жібергенде, бүркіт соны бір ұшқанда қағып алуы керек. Егер екінші, үшінші әрекетте шырғаны алатын болса, ұпай саны кемі түседі. Құсбегінің айтуынша, қазір заманауи электронды шырға тартады. Ол секундпен өлшенеді. Шырғаны қағып түсіру секунды аз болған сайын ұпай саны көбейеді. Бірақ ойынның



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛПІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАҒАСБAY –
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4476
Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.